

Жылу жүйесі бақылауда



2-бет

ЖЭС-тен қуат аламыз ба?




5-бет

Ақын мұрасы жаңғырды



8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАФАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОФАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБІ, 19 ҚАЗАН, 2024 ЖЫЛ №118 (23 440)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

• БӘРЕКЕЛДІ!

Үздік үштікте

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттіктің (ІҚАА) Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындары – 2024 ұлттық рейтингіні қорытындысы бойынша үздік үштікке енді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»


Қарағанды зерттеу университеті әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен М.Әуезов атындағы ОҚУ-дан кейін үшінші орынды иеленді. Көпсалалы жоғары оқу орындарының институционалдық рейтингіне 16 оқу орны қатысты.

Сондай-ақ, агенттік білім беру бағдарламаларының рейтингін дайындады. Биыл алғаш рет докторантура бойынша білім беру бағдарламалары сараланды. Рейтингке қатысқан Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің 115 білім беру бағдарламасының 79-ы жүлделі орындарға ие болды. Оның ішінде бакалавриат – 46 (72 қатысушының ішінен), магистратура – 24, докторантура – 9.



Ұлттық кодқа қатер қайдан?

Құзырлы орган қырағылық танытып, есірткіге қарсы екпінді күрес жүргізгеніне қарамастан, статистикалық деректер көңіл көншітпейді. Мәселен, облыстың полиция департаментінің дерегіне сүйенсек, көрсеткіш жыл сайын артып келе жатқанын байқауға болады. Атап айтсақ, өткен жылы дәл осы есірткі қолдану және өткізуге байланысты – 255, ал, биыл 332 құқық бұзушылық тіркеліп, көрсеткіш 30 пайызға артқан. Одан бөлек, дәрігерлер де нашакорлықтың күн өткен сайын жасарып, жас ұрпақтың есірткіге, оның ішінде, синтетикалық есірткіге деген тәуелділігі күшейіп келеді деп дабыл қағуда. Бірақ, «бүгін дәмін татып, ертең қоя саламын» деген ұғым жоқ дәл осы наркоманияда. Жаныңды алмаса да, жапырағыңды жайқалтпай, өзіңнің ғана емес, бүгін ұрпағыңның тамырына көпе-көрінеу балта шапқанмен бірдей. Сондықтан да, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында дәл осы есірткіге қатысты нақты тапсырмалар беріп келеді. Биылғы «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында да ұлттың генетикалық қорын аман сақтап қалу мәселесін көтерді. Әлбетте, мемлекетте тиісті заңнамалық шаралар қабылданғанымен, есірткі соғысында әлі де болса, жеңіліске ұшырап келеміз. Қылмыспен күрес өз алдына, бұл ретте есірткі қолданған әр адам өзіне ғана емес, бүгін ұлтқа қастандық жасайтынын ойлану керек.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Синтетикаға» сұраныс – жоғары
«...Есірткі мәселесі ушығып барады. Біз заң мен тәртіп, білім мен парасат

үстемдік ететін қоғам құруымыз керек. Азаматтары, әсіресе жастары мәдениетті, жаңашыл әрі жасампаз ұлттың ұлайы түгел. Сондықтан, біз өркениетті ел болуға кедергі жасайтын жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек» деген Қа-

сым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік кеселдің бәрімен тұтас жұрт болып, жұмыла күресу қажеттігін де айтты. Демек, есірткімен күресті құқық қорғау органдарына ысырып қоя салу – жеткіліксіз. Облыстың полиция департамен-



тінің есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл басқармасы ведомстволаралық үйлестіру және алдын алу бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Данияр Жақұдаев нашакорлықтың алдын алу және есірткі қылмыстарын анықтау департаменттің басым бағыттарының бірі екенін айтады.

– Қазақстан Республикасында нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары аясында облыста бірқатар іс-шаралар атқарылуда. Одан бөлек, облыс әкімінің жанында өңірлік ведомстволаралық штаб жұмыс істейтінін айту керек, – дейді полиция подполковнигі. Қабылданған шаралар нәтижесінде жыл басынан 332 есірткіге қатысты құқық бұзушылық тіркелген. Жоғарыда айтып өткеніміздей, қылмыстың тіркелуі 30 пайызға өскенімен, Данияр Әбілқасымұлы есірткімен байланысты қылмыстардың көптеп ашылуы кешенді жұмыстың нәтижесі екенін де айтады. Яғни, қырағылық танытып, қауіпті қылмысқа қарсы жүргізілген әрекеттер өзінің тиімділігін көрсетуде.

Мәселен, биыл заңсыз айналымнан 445 келі әр түрлі есірткі құралдары алына, оның 12,5 келісі – синтетикалық есірткі. Бірақ, деректер тағы көңіл көншітпейді. Данияр Жақұдаев ұсынған деректер жыл сайын дәл осы синтетикалық есірткі саудасының айналымы өсіп келе жатқанын көрсетеді. Демек, «синтетикаға» деген сұраныстың да өскені. Дәлел ретінде өткен жылы құқық қорғау органдары небары 2,5 келі синтетикалық есірткі алғанын айтсақ, көрсеткіш бір жылдың ішінде 343 пайызға артқан. Ал, өкініштісі – есірткі қылмысына кәмілетке толмағандардың көптеп тартылуы.

► 4-бет

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА (теңге)	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай	10447,44
	12 айға	20894,88
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3386,60
	12 айға	6773,20
«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ (теңге)		
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5882,60
	12 айға	11765,20
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3074,60
	12 айға	6149,20
Жеткізусіз	12 айға	4116

Анықтама телефоны:
41-26-85, 8-702-638-56-85,
8-705-902-04-05.
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

• 19 ҚАЗАН – ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ

Қауіпті қызметтің қаһармандары

Елімізде 1995 жылы белгіленген Құтқарушылар күнін Абай ауданының №21 өрт сөндіру бөлімінің ұжымы да лайықты қарсы алып отыр.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл қызмет саласының жауапкершілікті қатаң талап етіп, өрт сөндірушілердің өз өміріне де қауіпті екендігі белгілі. Соған қарамастан олар бастарын бөйгеге тігіп, халықтың тыныш өмірін, тұрмыстағы, өндірістегі қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, қандай да бір төтенше жағдайларға қаймықпай қарсы тұрып, жандарын да аямайды.

Міне, Абай ауданының №21 өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері де ол құрылған күннен бастап, өз міндеттерін мүлтіксіз атқарумен келеді. Қазір мұнда жұмыс істейтін 72 адам мен 9 өрт сөндіру техникасы тәулік бойы кез келген тосын жайтқа тас түйін әзір тұрады.

– Жыл басынан бері біздің жігіттер аудан аумағында ірілі-ұсақты 204 өртті сөндіріп, дабыл бойынша 85 рет апаттық-құтқару жұмыстарына барды, – дейді осы №21 өрт сөндіру бөлімінің бастығы, азаматтық қорғаныс капитаны Мәди Мәкенов. – Әсіресе, осы қазан айында болған 2 өрт оқиғасы ерекше есте қалды.

Мәди Маратұлының айтуынша, оның бірі Абай қаласының №2 мектеп мүйісіндегі 3-үйден шыққан. Бұлар хабар жетісімен дереу сонда барғанда, лапылдаған от жалыны 3 бөлмелі үйдің 30 шаршы метр аумағына жайылып, шатырының ағашы мен жеке тұрған қорасы жанып жатқан көрінеді. Сол қораның ішінде 27 және 50 литрлік газ толы баллондардың болуы жарылыс ықтималдығын да күшейте түскен. Бірақ сол қысыптаяң сәтте қарауыл бастығы, азаматтық қорғаныс капитаны Александр Владимировтың тапқыр шешімі мен сауатты да дәл әрекетінің нәтижесінде тілсіз жау ауыздықталып, жарылыс қа-



уіпін беті қайтып, ірі шығын мен зардап шеккен жан болған жоқ.

Ал, 5-14 қазан аралығында Қарқаралы ауданында тұтанған дала өртін сөндіруге көмекке бұлардың бөлімінен де азаматтық қорғаныс аға сержанты Құралбай Қарабалаевтың бөлімшесі аттанған еді. Сонда барысымен олар бет қаратпаған қызыл жалын мен қою түгіннің ортасында жүріп, төніп тұрған ажалдан қорықпай, соншалықты үрейлі өрт ошақта-

рын жойып, жанқиярлық ерлік пен кәсіби шеберліктің тамаша үлгісін көрсетіпті. Сол мыңдаған шаршы шақырымды шарпыған алапат өрт те ауыздықталып, алаң болған елдің көңілі де орнына түскен. Сондықтан да, өрт сөндіру саласының барша қызметкерлерін Қауіпті қызметтің қаһармандары десек те болады.

Абай ауданы

Суреттер өрт сөндіру бөлімінен

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 529.34

• USD/KZT 487.24

• RUB/KZT 5.02

• CNY/KZT 68.42

Қазақстан Ұлттық Банкінің 18 қазан, 2024 жылғы дерегі бойынша



• ЭНЕРГЕТИКА

Жылу жүйесі бақылауда

Сарандағы барлық үйлер мен әлеуметтік нысандар жылуға қосылды. Жылу көздері қажетті отынмен қамтамасыз етілген. Қаланың барлық өндірістік нысандары өндірістік бағдарламаларға сәйкес жұмыс істейді.

✎ **Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Энергетика министрі Алмасад Сәтқалиев қазандықтардың, орталық жылу көзінің, сондай-ақ, жылу желілері мен әлеуметтік нысандардың жағдайын тексеріп, жедел штаб отырыстарын өткізді.

– Қазір резервте тұрған барлық жергілікті қазандықтар дайындалып, іске қосылды. Жылу толық көлемде берілуде. Біз барлық қазандықтарда жылу беру температурасын бақылауда. Қосымша қазандықтармен кеңейту қажет болған жерлер де жақын арада кеңейтіледі. Тұрғындар бұрын болған екі қазандық бойынша сұрақ қойды, бұл үйлер басқа жұмыс істеп тұрған қазандықтарға қайта қосылды, – деді облыс әкімі Ерманбет Бөлекпаев.

Арнайы комиссия құрылып, оның құрамында энергия қалағалау өкілдері, өңірлік және басқа да ведомстволардың басшылары, ТЖД бірлесіп жұмыс жасауда. Ор-



талық жылу көзін жөндеу кезінде жабдықтарды жеткізуші зауыттың мамандары шақырылды.

– Біз барлық жылу көздерін аралап, жылумен қамту схемасын қалпына келтіру жұмыстарының барысына жеткілікті түрде егжей-тегжейлі талдау жасадық.

Тісті шешім қабылданды. Орталық жылу көзі іске қосылғанға дейін қаланы жылумен қамтуды жергілікті қазандықтар қамтамасыз етеді. Барлық әлеуметтік нысандар жылумен қамтылып, өндірістік нысандардың дені бағдарламаларға сәйкес жұмыс істеуде, – деді

Алмасад Сәтқалиев.

Бүгінде үйлерге жылу беру амалдары аяқталуда. Жағдай энергетика министрлігі мен облыс әкімдігінің бақылауында.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Әлеуеті күшті әуежаз

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Әуе хабтарын дамыту – өте маңызды міндет» деп айтқан болатын. Президенттің айтуынша, Қазақстанның әуе кеңістігі арқылы жыл сайын 150 мың тоннаға жуық жүк тасымалданады. Алдағы төрт жылда бұл көрсеткішті екі есе ұлғайтуға болады. «Әуежайларымыздың жүк тасымалдау мүмкіндігін арттыру үшін барлық жағдайды жасау керек» деген Президенттің тапсырмасына орай, биыл «Сарыарқа» әуежайының базасында CargoHubKaraganda мультимодальды әуежазын құру жоспарлануда. Бұл жоба жүк тасымалын едәуір арттыруға бағытталған халықаралық логистиканы нығайтудағы маңызды қадам болмақ.



✎ **Салтанат ІЛНІЯШ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Сәйкесінше, өңделетін жүктің көлемі жылына 15 мың тоннадан 200 мың тоннаға дейін өседі деп күтілуде. Ал, 2030 жылға қарай 2000-ға жуық жаңа жұмыс орны құрылады. Бұл өңір бюджетіне түсетін салыққа оң есер етеді.

Жобаның алғашқы жетістіктерінің бірі – Эквадордан тікелей жүк рейстерін ашу. Бұл халықаралық сауданы дамыту үшін маңызды ынталандыру. Ал, болашақта жүк ұшақтарының техникалық қону саны аптасына 100 рейске дейін көбейеді.

– «Сарыарқа» әуежайы – Қазақстандағы ең ірі әуежайлардың бірі және әуе кемелерінің барлық түрін қабылдай алады. Қазір жыл сайын 320 мыңға жуық жолаушыға қызмет көрсетеміз. Олар, негізінен, ішкі рейстер бойынша, атап айтқанда, Қарағанды-Алматы, Жезқазған және Өскеменге бағыттар. Одан бөлек, маусым кезінде Антальяға және жыл бойы Мәскеуге халықаралық бағыттарда қызмет көрсетеміз. Бірте-бірте ішкі бағыттар көбейіп келеді. Мәселен, Air Astana әуе компаниясы жаңа рейстерді шығаруына байланысты жаз кезінде Алматыға бес рейске дейін болды. Одан бөлек, FlyArystan Антальяға аптасына 5-6 рейске көбейтті, – дейді «Сарыарқа» әуежайының басқарма төрағасы Руслан Габбасов.

Басқарма төрағасының айтуынша, жолаушылар рейстерінің географиясы мен жолаушылар ле-



гін арттыру жоспарда бар. Бірақ, жергілікті және халықаралық әуе компаниялары қызығушылық таныта қоймайды. Соған қарамастан, Қарағанды әуежайының жүк әуежазы ретінде әлеуеті жоғары. Себебі, «Сарыарқа» елдегі әуежайлар ішінде жылына 95 мың тоннаға жуық жүк өңдейтін Алматыдан кейін екінші орында.

– Біз, сонымен қатар, жүк ұшақтарының техникалық қонуына жағдай жасауды дамытамыз. Бұл, өз кезегінде операторларды тартады. Атап айтқанда, ұшақтар осы жерге қонып, жанармай құяды, экипаждарын ауыстырады және шағын техникалық қызмет көрсетіледі. Жүк тасымалдау саласында біз 10 жылдан астам жұмыс істеп келеміз және Қазақстанда жүктерді өңдеу көлемі бойынша екінші орындамыз, – дейді Руслан Габбасов.

Жүк тасымалы үшін «Сарыарқа» әуежайының қолай-

лығы ретінде жүк өңдеу жылдамдығы мен бағасының арзандығы, қызмет көрсету сапасының жоғарылығын айтады басқарма төрағасы. Одан бөлек, орналасқан орны да тиімді. Себебі, Оңтүстік-Шығыс елдерінен Еуропаға апаратын ең қысқа жол дәл осы Қарағанды үстімен өтеді.

Бүгінде әуежай Эквадордан, Нидерландыдан, Бельгиядан және Оңтүстік-Шығыс Азиядан электроника, автомобильдер мен азық-түлік өнімдерін қоса алғанда, көптеген тауарлармен коммерциялық рейстерге қызмет көрсетеді. Апта сайын Еуропа мен Израильден шамамен бес тонна жаңа өнім өңделеді, соның ішінде, көкөністер мен жидектер де бар.

– «Сарыарқа» әуежайында өңделетін жүк көлемі артқан сайын сабақтас салалар да дамиды. Мәселен, жүк көлігімен тасымалдау жолға қойылады. Одан бөлек, инвесторлардың экипаж-



дың ауысымы кезінде тоқтауына арналған қонақүйлер салуға қызығушылығы артады. Тіпті, әуежай қызметкерлері мен сабақтас салаларға қызмет көрсететіндердің де жалақысы артады. Айта кететін жайт, біз әуежайда 2015 жылдан гүл қабылдап келеміз. Сол кезде Қарағанды қаласында гүл сататын 200 орны болса, қазір олардың саны 700-ге дейін жетіп отыр. Себебі, жылдам жеткізіледі, әрі бағасы да қолжетімді, – дейді Руслан Габбасов.

Қазір әуежайға Эквадордан гүл тиелген үш рейс, Амстердамнан бір рейс, Бельгиядан бір рейс бар. Одан бөлек, Оңтүстік-Шығыс Азиядан, атап айтқанда, Гонконгтан халық тұтынатын тауарлар жеткізілетін рейстер де бар.

Руслан Габбасов әуежайдың дамуы – өңір өсуінің драйвері болатынына сенімді.

– Соңғы жылдары инфрақұрылымды белсенді түрде жетілдіріп жатырмыз. Үшу-қону жолағы мен жолаушылар ұшақтарына арналған тұрақ орындарын жөндедік, заманауи жабдықтар сатып алып, жүктерді өңдеу жылдамдығын арттыру үшін білікті кадрларды тартамыз, – деп атап өтті басқарма төрағасы.

Қарағанды әуежайы гүлдер, жабдықтар және ауыр салмақты жүктері бар күнделікті рейстерді қабылдай отырып, халықаралық логистикада шешуші позицияны ұстануға ұмтылуда. Бұл жерге жеткізілген жүк содан кейін бүкіл Қазақстан мен ТМД елдеріне жол тартады.

«Сарыарқа» әуежайының аумағында орналасқан Karagandy technical center ЖШС қоймаға апта сайын бес бортпен 400 тоннаға дейін гүл қабылдайды. Қойма менгерушісі Арман Нұрмағамбетов гүлден бөлек, айына екі рет Гонконгтан түрлі жабдықтар да келетінін айтады.

– Қоймалардағы температура режимі жүктің сақталу режиміне қарай -2 градустан +20 градусқа дейін. Қоймаға келіп түсетін гүлдер сұрыпталып, кендік тазалаудан өткеннен кейін бір тәуліктің ішінде Қазақстанның өзге қалаларына және ТМД елдеріне жіберіледі. Жергілікті кәсіпкерлер де гүлді осы жерден алады, – дейді Арман Жарқенұлы.

Әуежайды одан әрі дамыту жоспарында ұшу-қону жолағын жөндеу, жолаушылар терминалын қайта жаңарту және жүк терминалын салу, сондай-ақ, маршруттық желіні кеңейту бар.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЭКОНОМИКА

Тариф қалай көтеріледі?

Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров энергетикалық кәсіпорындар қандай жағдайларда коммуналдық қызметтерге тарифті көтере алатынын айтты.

Айтуынша, энергетикалық кәсіпорындар, әлбетте, тарифтерді өз қалаулары бойынша көтере алмайды. Бұл процесті арнайы мемлекеттік құрылымдар бақылайды.

– Тарифтерді қайта қарау үшін жылына бір рет жаңартылатын инвестициялық бағдарлама бекітіледі. Оның аясында кәсіпорындар тарифтерді көтеру туралы өтініш жасай алады. Алайда, төтенше жағдайлар кезінде, мұндай сұраныстарды қараудың жеке тәртібі бар. Біз экономикадағы тарифтердің деңгейін қатаң бақылауға және қадағалауға тырысамыз, – деді Нұрлан Байбазаров.

Өз тілшімізден

• ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Қоғам сауалына жауап бар

Қоғамдық кеңестер биліктің ашықтығы мен есеп беруін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Олар қашанда өзекті мәселелерді шешу үшін бірлескен жұмысты жалғастыруға дайын. Осы орайда, Арқа жеріне тәжірибе алмасу мақсатында Батыс және Шығыс Қазақстан, Қостанай облысы, Шымкент қалаларынан Қоғамдық кеңес мүшелері келді. Стади-тур аясында «Қоғамдық кеңестер қоғамның билікпен байланыс құралы ретінде» тақырыбындағы брифингке қатысып, денсаулық сақтау қызметтерін іске асыру жөнінде кеңейтілген отырыс өткізді.



✎ **Аяулым СОВЕТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Брифингте қоғамдық кеңес мүшелері азаматтармен өзара іс-қимылды нығайту және жергілікті жерлерде өзекті мәселелерді шешу үшін бірлескен жұмысты жалғастыруға дайын екендіктерін білдірді. Өңірлердегі Қоғамдық кеңес мүшелері атқарушы билікпен жұмыс барысын баяндады.

– Қоғамдық кеңестердің мүшелері өз міндеттерін қоғамдық негізде жүзеге асырады. Азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру және республикалық және жергілікті деңгейлерде шешімдерді талқылау мен қабылдау кезінде жұртшылықтың пікірін ескеру маңызды. Облыстағы Қоғамдық кеңесте 37 мүше бар. Олар қоғамдық мәселелер бойынша пікірін білдіруде маңызды қызмет атқаруда, – деді Қарағанды облыстық Қоғамдық кеңес төрағасы Жәнібек Садыққанов.

Брифингте сөз алған Шымкент қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі Рүстем Ашетаев қаладағы қоғам мүшелерінің араласуымен шешімін тапқан мәселелерге тоқталды. Оның айтуынша, Шымкентте 1990 жылдары қаріз жүйесі жекеменшікке өтіп, қаладағы су тарифі Қазақстандағы ең қымбат тариф деңгейіне жеткен. Осы орайда Қоғамдық кеңес дереу мәселе көтеріп, зерделеп, жергілікті әкімдікке ұсыныс берген. Қазіргі таңда Шымкент қаласының су ресурстары маркетингін мемлекетке қайтаруға қатысты жұмыс жүруде.

– Қоғамдық кеңестер бұған дейін консультативті кеңесші орган болып құрылған. Жиналған белсенді азаматтардың арқасында қазіргі таңда кез келген атқарушы билікпен диалог құра алатын органға айналды. Осының негізге алып, Қарағанды өңіріне тәжірибе алмасу мақсатында келдік. Бүгінде атқарылған істердің нәтижесінде бізге халықтың көптеген істерді атқаруға сенім білдірді. Мәселен, Шымкент қаласында ұялы байланыс операторлары тарифті көтерді. Сол уақытта тарифтердің орынсыз көтерілуі, белгіленген нормативтен асқанына қарсы бо-

лып, Kcell и Beeline компанияларына 56 млн. теңгеге айыппұл салып, өндірілді. Сондай-ақ, қаладағы газ бағасының қымбаттауы жөніндегі мәселелерді алға тартып, министрлікке жеткіздік, – деп атап өтті Шымкент қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі Рүстем Ашетаев.

Жыныда Батыс Қазақстан өңірінен келген Бауыржан Зәкіұлы тәжірибемен бөлісті.

– Бүгінде халықтың көкейкесті әлеуметтік мәселелерін көтеріп жүрген қоғам белсенділері елдің сүйіктілеріне айналып отыр. Жалпы қазіргі таңда халық пен билік арасындағы диалог бар болғанымен, кейбір жағдайда алтын көпір өзінің жалғасын таппай жатады. Мысалы, биылғы көктемдегі су тасқыны, мемлекеттік сатып алудағы жемқорлық секілді үлкен мәселелер туындағанда халықпен диалог жүргізген қоғам белсенділерінің еңбегі зор. Заңнамаға сәйкес Қоғамдық кеңесте қызыреттілік көп емес, дегенмен, биыл күшіне енген «Қоғамдық бақылау туралы» Заң көмегін беруде. Осының аясында ашық кеңестерде көптеген мәселелер талқылап жрміз, – деді Бауыржан Ахметжан.

Кеңес мүшелері жедел желі арқылы өңірдегі әлеуметтік мәселелер, әсіресе, облыстық бюджеттің игерілуі және Саран қаласындағы жылу жүйесі, Қунгейге газ тарту төңірегіндегі сұрақтарға жауап берді.


Стади-тур аясында облыстағы денсаулық сақтау қызметтерін іске асыру жөніндегі шаралар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру тақырыбы қозғалды. Отырысқа Қоғамдық кеңес мүшелері, облыстың денсаулық сақтау басқармасының өкілдері қатысты. Қатысушылар қаржыландыруды ұлғайту және медициналық қызмет сапасын жақсартудағы жүйенің артықшылықтары туралы пікірлермен бөлісті. Сонымен бірге, МӨМС ұсынатын жаңа ережелер мен мүмкіндіктер туралы халықтың хабардар болмауына байланысты мәселелерді көтерді.

Сурет ұйымдастырушылардан

Ұлтты ұлы етер құндылық күні



Ұлт үшін ұлық мереке – Республика күні. Осыған орай, «Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің мәжіліс залында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелде «Ortalyq Qazaqstan» газетінің ұжымы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің жанынан құрылған «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының ғалымдарымен сұхбаттасты. Олар – «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Нұрсахан Бейсенбекова, археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының профессоры Ләззат Шотбақова, профессор, «Орталық Азия зерттеулер» орталығының директоры Гүлнара Смағұлова. Редакцияға арнайы келген кәдімменді меймандармен «Тәуелсіздік тарихы неге 1991 жылдан басталуы керек?», «Қазақстандағы тәуелсіздіктің алғышарттары қандай?» деген секілді сауалдар талқыланды. Сонымен қатар, университет ғалымдарының қаламынан туған «Адамдар тағдырындағы Қарқаралы өңірінің білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихы» атты монографиялар жинағы таныстырылды. «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының атқарған жұмыстары да назарға алынды. Жиынды газеттің бас редакторы Еркін Мұсабек тізгіндеді.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Өз кезегінде Еркін Мұсабек Республика күні қарсаңында, әлбетте, тарихи тұлғалар туралы өрелі әңгімелер қозғалып, солардың атқарған қызметін насихаттаған абзалдығын атады. «Тарихты тұлғалар жасайды» деген тәсілдің туралығын тілге тиек етті.

– Бұл орайда Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің жанынан құрылған «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының атқарған еңбегін атап өтпесек болмас. Бүгінгі тақырыбымыз – «Тәуелсіздік бастауындағы тұлғалар». Бүгінде сол тұлғаларды танытуда, дәріптеуде қандай ілгерілеулер, немесе, қиындықтар бар? Бүгін осы сұрақтар төңірегінде сөз қозғаймыз, – деді Еркін Мұсабек.

Сөз алған ғалым Нұрсахан Бейсенбекова бұл мерекенің ұлттық мәртебе алып, көптің көңілін маркайтқанына, оның бүгін ел үшін мәніне тоқталды. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу орталығының басшысы «Бұл күн – ұлтты ұлт ететін құндылықтар күні» деді.

– Республика күні – бүгінде ұлтымыз үшін аса маңызды мереке болып тұрғаны көңілді маркайтады. Осы күн – ұлтты ұлт етіп тұрған құндылықтар күні.

«Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының атқарған жұмыстары турасында айтсақ, орталық негізгі үш бағытта жұмыс істейді. Біріншісі – ғылыми-зерттеу жұмыстары, екіншісі – оқу-әдістемелік оқу құралдарын шығару, үшіншісі – ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие беру. Осы үш мақсатта жұмыс істеп келе жатырмыз. Осы тұста, әлбетте, кейінгі 5 жылда өңірдегі руханияттың жаңғыруына зор ықпал жасап отырған Е.Бөкетов атындағы Қарағанды



зерттеу университетінің басшылығына алғыс айтамыз. Білім ордасында мемлекеттік гранттардан басқа, ішкі гранттар да бөлінеді. Сол гранттар арқылы көзінде оты бар жас ғалымдарға барынша қолдау көрсетіліп келеді. Оқулық жазасыз ба, ғылыми мақала жазасыз ба? Өз еркіңізде. «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығы сондай екі грантты жеңіп алды. Біреуі – Ахмет Байтұрсынұлының 160 жылдығына арналды. Екіншісінде – тұлғалар арқылы өңірдің ғылымы, білімі, ұлттық тәрбиесі қалай қалыптасқаны жөніндегі еңбек. Соның ішінде, азаттықтың бесігі болған Қарқаралы өңірінің тарихы зерттелді. Сонау патшалық дәуірінен бері қала мәртебесімен түгін түзу ұшырған елді мекен тарихын толық зерттеу идеясы сонда өткен ауқымды конференцияда келген еді. Бірінші жобамыз – Ахмет Байтұрсынұлына қатысты болғаннан кейін «Алаш зиялыларының тарихқа көзқарасы» деген оқу-әдістемелік

құралын шығардық. Жұмыс барысында төңірегімізге жас магистранттарды, жас ғалымдарды алдық. Бұл кітап былтыр жарық көрді. Мектептерге таратылды. Екінші еңбегіміз – ғылыми бағыттағы монография. Орталығымызда тағы бір бағыт бар. Ол – жас ұрпақ жасының кәдірін білсін деген ниетте «Өнегелі өмір» сериясы. Бұл серияда Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде халыққа, соның ішінде, ғылымға еңбегі сіңген айгілі ғалымдардың ғибратты ғұмыры жазылды, – деді Нұрсахан Ахметқызы.

Сондай-ақ, орталық облыстық мәдениет және архивтер, құжаттама басқармасының грантын иеленіп, оның аясында Нығмет Нұрмақов және Әлихан Бөкейхан туралы «Ұлт мақтанышы» деген монография жазылғанын атау ләзім. Бұл игілікті іс мұнымен тоқтап қалмады. Одан соң қазақ әйелдері туралы монография жарыққа шықты. Бұдан бөлек, Қазақстан халқы Ассамблеясы да

қамтылды. Алаш қозғалысы туралы оқулықтар да басылды.

– Ірі тұлғалардың ізі халықаралық қатынастарда да сайрап жатыр. Халықаралық қатынастардағы тұлғаларымыздың еңбегі турасында да оқулықтар оқырманға жол тартты. Сондағы басты мақсатымыз – жастарға тарихты тұлғалар жасайтынын ұғындыру және жастарға тұлға болып қалыптасудың жолын нұсқау.

Осы еңбектің барлығы, әлбетте, мұрағаттағы құжаттармен жазылды. Архивті ақтару және сол деректерді қолға жарату үшін бізге бір жыл уақыт берілді. Семей, Қарқаралы, Алматы қалаларындағы архивтерге майшаммен үйілдік.

«Ortalyq Qazaqstan» газетінің ұжымына ат басын тіреуегі негізгі мақсатымыз – ұлт тарихын түгендеуге университет ұжымы атқарып жатқан қыруар жұмыстарды қалың оқырманға жеткізу, – деді «Тұлғатану» орталығының басшысы.

Осы арада білім ордасында еңбек етіп жүрген ұстаздардың қуғын-сүргінге ұшыраған ата-бабаларының тарихы да тасқа түсіп, кітап боп шыққанын айту қажет. Бұл аса бір ыждаһаттылықты қажет ететін іске университет ғалымдары да жұмылдырылды. Бұл кітап, тіпті, ағылшын тіліне де аударылды.

Жалпы, университеттің ғылыми потенциалы өте жоғары екенінде дау жоқ. Ұжымда қабілетті ғалымдар жетерлік. Ғалымдардың айтуынша, енді «Адамдар тағдырындағы Қарқаралы өңірінің білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихы» кітабының тусәуісері университетте ұлттық мереке қарсаңында өтпекші екен.

Университетте екінші орталық та есігін ашық ашқан. Ол – «Орталық Азияның зерттеу орталығы» деп аталды. Жетекшісі – профессор Гүлнара Смағұлова.

– Бұндай орталық енді Орталық Азияда Қазақстанда бар деп мақтанышпен айта аламыз. Тағы бір ауқымды жобаны бастадық. Бұл жоба – Семей полигонының зардаптарын қамтиды, – деді Нұрсахан Ахметқызы.

Жоба авторларының бірі Ләззат Шотбақова еңбекті жазу барысында тек архив құжаттарымен ғана шектелмей, өңір тарихын білетін азаматтармен де сұхбат жүргізілгенін атады.

– Біз бұл еңбекті жазу барысында тек архивтік құжаттармен ғана шектеліп қалған жоқпыз. Деректерді толықтыру мақсатында өңір тарихын білетін азаматтармен сұхбаттастық. Бұл кітап ғылыми стильде жазылды. Үш тараудан тұрады. Бірінші тарауда «1917 жылға дейін қандай оқиғалар болды?», «Білім саласы қалай дамыды? Қандай адамдар қызмет

атқарды?» деген сауалдарға жауап іздеді. Екінші тарауда Кеңес үкіметі қамтылған. Үшінші тарау жеке-кей тұлғаларға қатысты. Үшінші тарауда тың деректерді жинақтаған – Гүлнара Смағұлова. Бұндағы деректер бұрынғы ешқайда жарияланбаған. Мәселен, Қарқаралының мұрағатынан табылған құжаттардың басым бөлігі мүлде ашылмаған. Құжаттардың маңыздылығын аша түсу мақсатында фотошежірені де баспадан шығардық, – деді Ләззат Шотбақова.

Ғалымдар мұрағатта құжаттардың көптігін атап отыр. Ол құжаттың бәрін бұл жинақтың көлемі көтермейді. Өйткені, зерттелген өңірде бір мектептің тарихында бір кітапқа жүк болатындай құжат баршылық екен.

– Архивте құжат өте көп. Сол құжаттың барлығы осы жинаққа енгізгенін ашып айтқан жөн. Себебі, тарихы 100 жылдан асатын мектептер бар. Олардың барлығын жинақтаса, бір кітапқа сыймайды. Бәлкім, еңбегі сіңген қаншама адам назардан тыс қалып қойған да шығар? Бұның барлығы болашақ ғалымдардың міндеті деп ойлаймын.

Монографияларды жинақтауда Қуаныш Түсіпбек есімді университет мұғалімінің еңбегін атап өткен жөн. Архивтегі қыруар жұмыстарды атқарды.

Қарқаралы өңірі Семей секілді орталықтардан шалғайда жатыр. Бірақ, жер аударылып келгендердің арасындағы білімді адамдар бойындағы нәріні осы аймақтағы шәкірттеріне берді десек, артық айтқанымыз емес, – деді Гүлнара Смағұлова.

Ұлттың өткенін зерделеу, жас ұрпақтың санасында жаңғырту – көзі ашық, көкірегі ояу азаматтың маңызды миссиясы. Әсіресе, қиын-қыстау заманда ұлт алауын өшірмеу үшін білім саласында аянбай тер төккен тұлғалар дәріптелуі тиіс. Білімсіз ұрпақтан қайыр жоқ. Егемендіктің берік іргетасын қаласқан сол буын. Ғалымдар зерттеулеріне осы тақырыпты өзек етсе керек-ті.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛИМ

• БҮГІН – ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ

Қызметіне қырағы

Құтқарушы – ол қаһарман. Мұндай жұмысқа жүрек жұтқан жігіттер келеді. Өйткені, түрлі оқыс оқиға орнына бірінші болып барып, қатерге бас тігеді. Ойлабастан оттың ортасына кіріп, адамға араша түседі. Ал мұндай ерлікке екінің бірі бара бермейді. Сондай жігерлі жас жігіт Асланбек Тұрсынның құтқарушы қызметіне келгеніне бір жыл болды. Бала кезінен бері армандаған мамандығына адалдығы айрықша аңғарылады дейді бірге жүрген әріптестері.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бала шағынан болашағын ойлаған оған әкесі әсер етті. Дулат әкесі өрт сөндіру саласында ұзақ жыл қызмет атқарып, зейнетке шыққан. Бала Асланбек содан бері әкесін қаһарман санап, ізін жалғауды ойлайды. Міне, сол мұратынан мүлт кеткен жоқ. «Әкемдей қадірлі құтқарушы боламын, ел-жұртқа пайдамды тигізіп, адал қызмет атқарамын», деген сөзіне де, сеніміне де берік.

Асланбек былтыр Қарағанды жоғары техникалық колледжін «Төтенше жағдайлардағы қорғаныс» мамандығы бойынша ойдағыдай тәмамдады. Қолына дипломын алған ол Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаменті «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесінің №10 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндіруші-құтқарушысы болып қызметке тұрады.

– Әкем осы салада жұмыс істегендіктен, мен де бала кезімнен осы салаға қызықтым, әке жолын қуғым келді. Сол себепті, құтқарушының оқуын оқыдым. Міне, қаладағы №10 өрт сөндіру бөліміне жұмысқа келгеніме бір жыл болды. Осы бөлімдегі әзірге ең жас құтқарушымын. Жасым – жиырмада. Біздің бөлім шақыртуларға ең көп шығатын бөлімдердің бірі, бізге тәулігіне он шақты түрлі қонқырау түседі. Әрине, жан түршігетін оқиғалармен де жиі ұшырасамыз. Оның бәрі жүрекке



оңай тимейді. Бірақ, әр құтқарушы ондай кезде тастай қатты, желдей жылдам болу керек. Секундтың өзі тағдыр шешеді. Абдыран қалу – ең үлкен қателік. Соған жол бермеу керек, – дейді азаматтық қорғау кіші сержанты Асланбек Тұрсын.

Асланбек өзін ең алғашқы құтқару жұмысынан-ақ көрсете білген жас маман. Былтыр күзде пойыз бен жеңіл көлік қағысып, жан түршігетін жол апаты орын алған еді. Сонда көліктің ішінде көз жұмған екі адамның мүрдесін көре тұра салқындық танытып,

ішіндегі қысылып қалған басқа жолаушыларға жылдам көмек берген еді.

– Құтқарушы мамандығында бастысы – өзінің мықтылығын. Түрлі оқиғалар мен жағдайлар болады. Сол кездегі бар ойың – адам жанын аман арашалап қалу. Бұл – біз үшін ұлы міндет. Жас маман Асланбек бұл міндетіне адал. Оқуын оқып келді. Енді міне, тәжірибе жинап жатыр. Шапшаң, Шымыр. Жүректі. Бізге осындай жігіттер қажет. Өзіне жүктелген басқа да жұмысына тиянақты. Жас

болса да, ұжымда беделі бар, – дейді №1 қарауыл бастығы, аға лейтенант Мадияр Нұрмұхан.

Жақында тағы құрамында Асланбек бар құтқарушы топ қаладағы Молоков көшесіндегі 94 үйдің төртінші қабатындағы өрттен бір отбасыны аман алып шығады. Қызыл жалынның ішінен егде жастағы әжейді, кішкентай бала мен жасөспірім қызды құтқарады. Сөйтіп, дереу өртті өшіреді.

«Негізі оңай болған жоқ. Біз келсек, пәтер іші қып-қызыл, от шарпып тұр. Ішінде адам барын біліп, жасақтағы үшеуіміз де бір мезгілде кірдік. Мен әжейді алып шықтым. Қасымадағылар екі баласын құтқарды. Оларға бірден құтқару қалпағын ки-гіздік. Мұның да көмегі үлкен гоі. Сөйтіп, аз уақыттың ішінде өртті ауыздықтадық. Бастысы, ішіндегі адамдар аман. Ең үлкен байлық сол. Өзім ер адамның өміріне араша түскен сайын бойыма күш-жігер жинаймын», – дейді жас құтқарушы.

Біз жас құтқарушы Асланбек Дулатұлының басынан өткізген құтқару операцияларының бір-екеуін ғана жазу кеттік. Еңбек жолын енді бастаған ол қазірдің өзінде антына адал, қызметіне қырағы екенін байқатты.

Жұмысына орнығып, оң-солын таныған жас құтқарушыны енді үлкен міндет күтіп тұр: шаңырақ көтеріп, әке-анасына немере сүйгізбекші. Батыр жігіт «Бұйырса, балаларым да әкемінің, өзіннің жолымды жалғайды. Өйткені, елдің алғысы алға жетелейді», дейді. Біз осыдан келе құтқарушылықтың Құдайдан екенін аңғарып отырмыз.

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

Өрт кезіндегі өжеттік



Жақында Қарқаралы ауданындағы Қоянды ауылының маңынан басталып, 35 мың гектар жерді шарпыған өрт көпшіліктің есінде. Адам ажалына соқтырып, бірнеше адам зардан шеккен оқиға кезінде тілсіз жаумен күндіз-түні арпалысқан жандардың еңбегі ерлікке пара-пар.

Болатбек ӘШІМУЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Дала өрті күшейіп, Шарықты ауылдық округіндегі Айыр елді мекеніне жақындағанда осы ауылға жауапты медицина қызметкері Жұмабек Өскентаева оқиға ортасында болып, зардан шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетті.

– Түнгі сағат үштің шамасында аудан әкімдігінің өкілдері маған: «Сіз барып демала беріңіз, шұғыл көмек қажет болса, шақырамыз», – деген. Мен олай жасай алмадым. Азаматтар жанын шүберекке түйіп, өртпен арпалысып жатқанда қалайша кетіп қаламын!? Сол жерде түнімен жүріп, қажет кезде адамдарға қолдан келгенше жәрдем жасадым. Бұл менің көсімі де, адамгершілік те парызым

ғой, – дейді тәжірибелі медбике.

Жан-жақтан қауламаған өрттен қаймыспаған өжет адамның сөзі. Құдай өзі сездіргендей, көп ұзамай Жұмабек көмірқышқыл газынан уланып қатты қиналған екі өрт сөндірушіге алғашқы медициналық көмек көрсетіп, аудандық ауруханаға жеткізді. Қан тамырларынан дәрі жіберіп, ағзаларын тазалады.

Жұмабек Серікбайқызы – Егіндібұлақ ауылындағы №5 мектеп-интернатта білім алған, Қарағанды медицина колледжін түлегі. 2010 жылдан бері Айыр, Қызылшілік ауылдарында уақсәкілік медбике болып қызмет жасап келеді.

Мамандыққа адалдық таныту, кез келген сыңға дайын болу – медик, өрт сөндіруші, құтқарушы сияқты төтенше жағдай қызметі мамандарына қойылатын басты талап. Табиғи және техногенді апаттар кезінде оларға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Олар халқымыздың саулығы мен табиғатымыздың құндылықтарын түрлі қауіп-қатерден қорғайды. Сондықтан, Жұмабек Серікбайқызы сынды замандастарымыздың ерен еңбегі ең жоғары бағаға лайық!

Қарқаралы ауданы

СҮРЕТТЕ: медбике
Ж.Өскентаева




Ұлттық кодқа қатер қайдан?

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Өкінішке қарай, жыл басынан есірткі заттарының заңсыз айналымымен, яғни, «закладқа» жасаумен айналысқан көмелетке толмаған сегіз бала ұсталды. Олардың қатарында колледж студенттерімен қатар, мектеп оқушылары да бар. Полиция департаменті жүргізетін нашақорлықтың алдын алу бойынша іс-шараларға қатысқанына қарамастан, балалар осындай әрекеттерге барып отыр. «Нәліктен бұлай жасадыңдар?» деген сұраққа, қаржылай тәуелсіз болғылары келгенін айтты. Одан бөлек, тұрмыстың ауырлығы да балалардың қылмыстық жолға түсуіне ықпал еткен. Есірткі жасыра жүріп, көмелетке толмағандар өздерінің қылмыс жасап жүргендерін білген және кінәсін мойындады, – дейді Данияр Жақұлаев.

Әлбетте, заң алдында бәрі бірдей, әрі оны сақтауға міндетті. Бұл Конституцияның 34-бабында нақты, анық жазылған. Яғни, әркім Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауға міндетті. Ал, есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеуге Қылмыстық кодекспен тыйым салынған. Жасына, ұлтына, нәсіліне, жағдайына қарамастан, заңды бұзған жазасыз қалмайды. Данияр Әбілқасымұлы биыл ұсталған сегіз баланың үшеуі сотталып, оларға бес жарым жылдан алты жарым жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі сот үкімі шыққанын айтады. Қалғандары бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде. Бұлардың да алдыңғыларының кебін кінәтіні – даусыз.



Коллекция жасаған А. Рахымжан

мыңнан асады, – дейді Данияр Әбілқасымұлы.

Өткеннің салдары

Есірткінің адам денсаулығына әсері туралы мәселеге қатысты қоғамның да, ғалымдардың бас қатырғанына біраз болды. Жүргізілген зерттеулер кез келген есірткі, психотроптық зат не, сол тектестер болсын, мейлі, нашақордың денсаулығына тікелей әсер етуден бөлек, оның болашақ ұрпаққа әсер ететінін көрсетті. Себебі, ананың

репродуктивтік денсаулық орталығының генетик-дәрігері Әлия Жүнісова нашақордың ағзасында түрлі өзгерістер болатынын айтады. Мәселен, есірткі ДНҚ құрылымын өзгертіп, ол эпигенетикаға тікелей әсері бар. Яғни, эпигенетика дегеніміз ДНҚ тізбегінің өзіне әсер етпейтін гендік белсенділіктің өзгеруін зерттейтін зерттеу саласы.

– Біз нақты қандай да бір есірткі түрінің адам ағзасына қалай әсері барын айта алмаймыз. Себебі, оның күн сайын жана түрі шығуда. Сондықтан, әрқайсысының әсері әр түрлі болуы мүмкін. Бірақ, ұзақ уақыт есірткі пайдалану ДНҚ-ға әсер ететіндей эпигенетиканы өзгертіп жібереді, – дейді Әлия Қанатқызы.

Генетик-дәрігер есірткіге тәуелділік генетикамен тікелей байланысты екенін айтады. Бірақ, нақты әкесінен, не анасынан беріледі деп айтуға келмейді. Дегенмен, зерттеулер отбасында бір адам есірткіге тәуелді болса, жақын туыстардың осындай проблемаға ұшырау қаупі – жоғары.

– Егер әйел жүктілік кезеңінде есірткі қолдана, дүниеге келетін баланың денсаулығында ақау болады. Біріншіден, ақыл-ой кемдігін айту керек. Одан бөлек, тыныс алу жүйесіне де тікелей әсері бар. Бұл тек бір парасы ғана. Бұл тізімді тізе берсе, өте көп, – дейді Әлия Жүнісова.

Есірткі қолданған адам түзу жолға түсіп, жаман әдетінен толықтай арылғанымен, оның өткені болашағына көлеңкесін түсірмей қоймайды. Яғни, есірткіге тәуелділік емделген күнде де адамның ұрпағынан көрініс беретіні ақиқат. Тіпті, баланың дені сау туылған күнде де, оның жадында бағдарлама ретінде есірткіге бейімділік жазылып қалады. Ал, оны жою мүлдем мүмкін емес.

– Ер я әйел болсын, кезінде есірткі қолданып, кейіннен толығымен айыққан күнде де, эпигенетикадағы өзгерістер балаға берілуі мүмкін. Бұл тек бір ұрпаққа ғана емес, жеті ұрпағына дейін жететін нәубет, – дейді генетик.

Адамның өмір жолында жасаған әрбір әрекеті оның тағдырына ықпал етпей қоймайды. Есірткі тұтынуға да солай. Бұл ретте аурудың берілуі жынысқа да бөлінбейтінін айту керек. Оған генетик-дәрігердің сөзі дәлел. Ал, «балам – балым, немерем – жаным» деген қазақ үшін ұрпағын мәңгілік азапқа салудан ауыры жоқ болар...

Эксперимент құны

Ал, облыстық психикалық денсаулық орталығының бөлімше меңгерушісі Бақыт Дүйсембаева «Нашақорлық – бүгінгі дәуірдің қауіпті інісі» дейді. Айтуынша, тұрмыстың қиындығынан қашқан адамдар нашақорлық құрығына жылдам ілігеді екен.

– Қиындықтан қашып, нашақорлыққа салыну арқылы өз өміріне эксперимент жасаудың құны – өте жоғары. Адам ем қабылдағанын өзінде толық тәуелділік және нашақорлықтың салдарынан арыла алмайды. Нәтижесі – өлім, не өмір сапасын жоғалту, – дейді Бақыт Дүйсембаева.

Ер я әйел болсын, кезінде есірткі қолданып, кейіннен толығымен айыққан күнде де, эпигенетикадағы өзгерістер балаға берілуі мүмкін. Бұл тек бір ұрпаққа ғана емес, жеті ұрпағына дейін жететін нәубет.

Нарколог-дәрігер халық арасында «бұрынғы нашақор болмайды» деген ұстаным қалыптасып қалғанын жоққа шығармайды, әрі онымен келіседі. Себебі, нашақорлықтан арылу өте қиын. Науқас алдына мақсат қойып, өз ниетімен келіп, емнің барлық ке-

Біраз уақыт синтетикалық есірткі қолданатындардың дені қоғамға толық қанды дені сау адам ретінде қосылуы екіталай. Өйткені, химиялық препараттар адамның орталық жүйке жүйесінің жасушаларын зақымдайтындықтан, бұзылған ойлау қабілеті қалпына келмейді. Небары бір ай пайдаланғанның өзінде фобия, паранойя және тағы басқа психикалық ауытқулар пайда болады.

зеңдерін толық өткенде ғана оң нәтиже беруі мүмкін. Дегенмен, толық емделіп, социумға дені сау адам болып қосылғандар жоқ емес екенін де айтады.

Яғни, айналып келгенде адамның өзіне байланысты екенін жоққа шығара алмаймыз. Денің саулығы – әр адамның жеке таңдауы. Есірткіге тәуелді адам емделіп, оналтудан өтіп, өткен өмірінен бас тартса, ол адамнан жиренуге ешқандай негіз жоқ. Ал, отбасының және жақындарының қолдауы – жақсы терапия болмақ.

– Жастар ғана емес, кез келген адам нашақорлықтың құрбанына айналуы мүмкін. Есірткеге үйір болу нашақордың өзіне ғана емес, қоршаған ортасы, ата-ананы, тіпті, ұстаздары үшін де үлкен қауіп. Наркомания – адамның тұрға ретінде жойылуына әкеледі. Яғни, күні кеше ғана сап-сау жүрген адам әл-сәтте қоғамға қауіпті болып шыға келеді. Бұл проблемалармен қоғам болып күрескенде ғана жеңіске жете аламыз, – дейді Бақыт Дүйсембаева.

Нарколог-дәрігер қазақ нашақорлардың дені синтетикалық есірткі қолданатынын айтады. Ал, олардың классикалық есірткілерге қарағанда зияны да орасан. Мәселен, тұз түріндегі «Эфедрин» орталық жүйкені зақымдап, ұйқыдан айырады. Ал, «2ЛСД» синтетикалық есірткі ұнтақ түрінде де, сұйықтық түрінде де галлюцинация туғызады. Ал, ағзада жинала келе, адамның толық ақыл-есінен айырады.

– «Экстази» эмоцияны күшейтіп, қорқынышты жояды. Бұл есірткінің түрі түнгі клубтарда таратылатынын айту керек. Сондай-ақ, тұз түріндегі синтетикалық катинон да өте қауіпті. Ал, «Спайс» – шегетін қоспа, атап айтқанда, синтетикалық каннабиноид. Оның да галлюцинация туғызатын әсері бар. Облыста синтетикалық есірткінің осы түрлері кең таралған. Оны қолданғандар денсаулығынан және психикалық денсаулығынан жылдам айырыла-

ды, – дейді Бақыт Дүйсембаева. Нарколог адам емделгеннен кейін де есірткіні қайтадан пайдалану қаупі өте жоғары екенін айтады. Себебі, психикалық тәуелділік болады. Сондықтан, одан арылу үшін ем алудан бөлек, психологпен, психотерапевтпен жұмыс

жасау маңызды. Ал, біраз уақыт синтетикалық есірткі қолданатындардың дені қоғамға толық қанды дені сау адам ретінде қосылуы екіталай. Өйткені, химиялық препараттар адамның орталық жүйке жүйесінің жасушаларын зақымдайтындықтан, бұзылған ойлау қабілеті қалпына келмейді. Небары бір ай пайдаланғанның өзінде фобия, паранойя және тағы басқа психикалық ауытқулар пайда болады. Бұдан иммунитеттің төмендеуіне байланысты әр түрлі инфекциялық аурулар да жылдам жұғады.

Бақыт Дүйсембаева да бұгінде есіртке қолданатын жастар, жасөспірімдер және әйелдердің көбейгенін алаңдаулы. Оның үстіне, балалар да есірткі қолданудан үлкендерден кем түсіп жатқан жоқ. Егер осыдан 3-4 жыл бұрын бұл көрсеткіш 16-17 жасты құраса, қазір 13-14 жас. Одан бөлек, есірткі пайдаланатын әйелдер саны да жеті есеге артқан.

«Облыс бойынша ең жас нашақор 18 жаста, есеіке алынғанына 2 жылдай болды» дейді нарколог-дәрігер. Бұл – біз білетіні, білмейтініміз қаншама.

Сонымен қатар, Бақыт Дүйсембаева апаны қолданатын нашақорларға қарағанда синтетикадан уланатындар аз екенін айтады. Бірақ, соңғылары арасында галлюцинация салдарынан өздеріне қол жұмсап өлу – жиі.

Дәрігер табиғи есірткіге қарағанда синтетикалық есірткіден тәуелділік жылдам туындайтын деп айтады. Синтетиканы бір рет пайдаланғаннан-ақ, тәуелділік туындайды. Оны пайдалану жолы да оңай. Мәселен, классикалық есірткінің шприц арқылы тамырға енгізу керек болса, синтетиканы көбінесе иіскейді, ішеді немесе шегеді. Әрі, бағасы арзан.

– Жастар көп жағдайда білместікпен марихуананы жеңіл есірткі ретінде қабылдайды. Бір қарағанда зияны жоқ тәрізді көрінгенімен, физикалық және психикалық тәуелділік тудырады. Жылдар бойы пайдаланғаннан кейін шизофрения, психоз тәрізді психикалық ауытқулар пайда болуы мүмкін. Марихуана пайдаланатындар біраз уақыттан кейін оған қанағаттанбай, басқа есірткі түрлеріне ауысады. Мұндай факт өте жиі кездеседі. Яғни, нашақорлардың көбі марихуанадан бастайды десек болады, – дейді Бақыт Дүйсембаева.

P.S. Статистика бойынша Қарағанды облысында өткен жылы 7335 адам наркологиялық есепте тұрса, биылғы көрсеткіш – 7442. Ал, оның 1196-ы – кәнігі нашақорлар.

Әркім Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауға міндетті. Ал, есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеуге Қылмыстық кодекспен тыйым салынған. Жасына, ұлтына, нәсіліне, жағдайына қарамастан, заңды бұзған жазасыз қалмайды.

Есірткі ешкімге де аяушылық танытпайды. Бір айналдырғанды шыр айналдырып, түбіне жетпей қоймайтын бұған «оңай ақша табатын» деп кіргендер қатарында әйелдер де бар. Мәселен, жыл басынан осы есірткіге қатысы бар 125 адам ұсталса, оның 12-і – әйел.

Данияр Әбілқасымұлы облыста дәл қазір жанадан пайда болған «Альфа-ПВП» және «Мефедрон» атты есірткі құралдары танымал екенін айтады. Ал, классикалық есірткілер – гашиш пен марихуана.

– Нашақорлықтың алдын алу бойынша полиция департаменті жыл басынан мыңнан астам түрлі шаралар өткізді. Оның ішінде құқықтық оқыту бағдарламасы бойынша облыстағы мектептің барлығы қамтылды. Оның 247-сі ауылдық мектеп, 162-сі қалалық мектеп, 52 колледж бен 8 жоғары оқу орнында нашақорлықтың алдын алу жұмыстары жүргізілді. Ал, қатысқандар саны жүз

денесіне химиялық әсер ету оның генетикасында із қалдыруы мүмкін, бұл оның ұрпағының денсаулығы мен дамуына әсер етеді. Ал, генетикалық код жоғары дәлдікпен ұрпақтан-ұрпаққа беріледі.

Жалпы, ғалымдар кокаин, марихуана, героин, синтетикалық есірткі болсын, мейлі, препараттар орталық жүйке жүйесіне әсер етіп, мидағы химиялық өзгерістерді тудыратынын айтады. Бұл өзгерістер адамның мінез-құлқы мен психикалық жағдайына әсер етіп қана қоймай, генға да әсер етуі мүмкін. Ал, бірқатар зерттеулер есірткінің әсері мидың жұмысына жауап беретін гендерде мутация тудыруы мүмкіндігін көрсетеді.

Бұл ретте есірткіден болатын генетикадағы өзгерістер ұрпаққа берілетініне ерекше назар аударған жөн. Осылайша, нашақорлық проблемасы адамның жеке өзінің денсаулығымен шектелмейді.

Облыстық клиникалық аурухананың отбасын жоспарлау және

• ҚЫЛМЫС

Бопсалаушылар ұсталды

Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасы Шахтинск қаласында жергілікті тұрғындарды, оның ішінде, Qarmet АҚ қызметкерлерін бопсалаумен айналысқан топты ұстады. Жастардан құралған топ арасында аралас жеке-жеке жаттықтырушыларының бірі бар деп хабарлады Polisia.kz.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұған дейін Теміртау, Саран, Абай қалаларында ауыр қылмыстарға, сондай-ақ, Qarmet АҚ нысандарынан тауарлық-материалдық құндылықтарды ұрлауға және қоспоруын қызметкерлерінен бопсалауға қатысы бар басқа да қылмыстық топтардың қатысушылары ұсталған болатын.

– Аталған фактілер бойынша ішкі істер органдарына барлығы 100-ден астам қатысушы

жеткізілді, олардың 39-ы қамауға алынды. 150-ге жуық іздеу шаралары өткізілді. Қару-жарақ пен оқ-дәрілер, сондай-ақ, олардың заңсыз әрекеттерінің басқа да заттай дәлелдемелері алынды. Ауыр қылмыстардың 16 эпизоды бойынша үш қылмыстық іс сотқа жіберілді. Криминалдық топтар қызметінің жолын кесу нәтижесінде 30-дан астам атыс және травматикалық қару тәркіленді. Оның онбесі – мылтық, сегізі – шолақ мылтық, төрт тапанша, екі винтовка, Калашников авто-



маты, сондай-ақ, мыңнан астам оқ-дәрі бар. Өңірлерде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда, – деді ІІМ ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаментінің өкілі Қуандық Алпыс.

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Көмек көрсету орталығы ашылды

Қарағандыда тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қолдау орталығы ашылды. Мұнда екі күннен бір айға дейін уақытша тұруға болады. Орталықта құқықтық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсетіледі. Үй-жай 14 адамға арналған.

Сонымен қатар, 3 жатын бөлме, ас үй, екі тазалық бөлмесі бар. Төсек-орын, тамақ дайындауға арналған ас үй техникасы, кір жуғыш машина, теледидар және т. б. толық жабдықталған. Жалпы ауданы 124, 3 шаршы метр. Жөндеу жұмыстарына және жарактандыруға қаражат қалалық бюджеттен бөлінді. – Бір жыл бұрын Қарағандыда республикада алғаш рет отбасын қолдау орталығы ашылды. Ол қиын өмірлік жағдайға тап болғандарға мағыналы көмек көрсетеді. Енді біз тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тап болған әйелдерді уақытша орналастыру орталығын ашып, бір қадам алға

жылжыдық. Мұндай мекемелердің басты мақсаты – әйелдердің күрделі жағдайда жалғыз қалмауы. Біз жанжалды жағдайларды шешуге көмектесуге тырысамыз, – дейді Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Ләззат Ақылжанова.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары жеке өтініш негізінде Орталыққа орналастырылуы мүмкін. Отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау туралы ақпарат алу үшін 111 нөмірі бойынша байланыс орталығына хабарласуға болады.

Өз тілшімізден



• ТҮЛҒА

Қази ақын – халық ақыны

Қази Саулебайұлы (1894-1985 жылдары аралығында өмір сүріп, 90 жастан асып қайтыс болған). Руы Арғын-Қаракесек-Бошан-Кәрсен-Аралбай-Көшекбай-Жайық-Сауытбай-Саулебай-Қази.

Біздің ата қонысымыз – Тасарал ауылы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында, Балқаш қаласының оңтүстік-шығыс бағытында 113 шақырым, ал, Сарышаған станциясының шығыс бағытында 41 шақырым жерде, қасиетті Балқаш көлінің солтүстік жағалауында орналасқан құтты елдімекен. Сондықтан, Тасаралдың аласапыран мен ашаршылық кездерінде, елін аман сақтаудағы орны ерекше. Сол қиын-қыстау кезде, дәлірек айтсақ 1929 жылы ұйымдастырылған балық артелінен, кейіннен елдегі азаматтардың ортаға соңғы мал-мүліктерін салып, ұжым (колхоз) құрғаннан бастап, Қызыл (Кеңес) империяның қылышынан қаны тамып тұрған уақытының өзінде де, өзінің дербестігін сақтап қалған, еліміздегі бірден-бір ірі шаруашылық болатын. Қази ақын да осы жерде, 1946 жылы Мойынты-Шу теміржолы ашылғанша өмір сүрген. Ал, өмірінің соңына дейін Мойынты ауылында тұрған.

Ал, енді Аралбай бабамыздың үшінші баласы Көшекбай ағамыздың ұрпақтарының өсіп-өну тарихы туралы шолып өтейік. Көшекбай ағамыз, шамамен XVIII ғасырда өмір сүрген және ағамыздың өзі де, артына ерген ұрпақтары да, қазақ еліне белгілі, жауғурек батыры болған тұлғалар.

Көрнекті қазақ каламгері, айтулы сөз зергері Софы Смигаев ағамыз өзінің «Елім-ай» тарихи трилогиясында, бабамыз Көшекбайдың қазақтың бас батыры ретіндегі беделін былай суреттейді: «... Бұл – ең жауапты кез. Осы жауапты сәтті Бөгенбай сардар Қаракесек жігіттеріне сенім артып, жүктеп: «Бөгет жасамаңдар. Өзгелерін араласпаңдар да, қилікпендер. Жолды ашыңдар! Жолды!» – деп, зор дауысымен, басқа сарбаздарға бұйрық беріп тұр.

Енді міне, Қарашор Сенкібай, Сарым Құлжы ақсақалдың баласы Жалантос, Әлтеке Жидебай, Аралбай ақкесінің үшінші ұлы – Көшекбай, ағалары Қанды қарақша, Орынбайлармен тізе қағысып, сонау көз ұшынан құйындағып жақындап келе жатқан қалаң шоғырды көргенде жүрегі аттай тулап қоя берді!..».

Аңыз-әңгімелерде, мұрағат құжаттарында да Татан ағамыз би, ал, Жайық батыр болған. Қаракесек-Кәрсен елінің атышулы тұлғалары. Қазіңде қазақ елінің атысулы тұлғалары бірі. Ұрпақтары да ел басқарып, айтулы би-батырлар, әрі жауырыны жерге тимеген балуандар болған.

Қарағанды облысы, Шет ауданы Киік станциясынан 10-15 шақырым жерде, «Татанның Ақбұлағы», «Татанның күзегі», «Татанның қыстағы» деген жерлер бар. Ағайынды екі бабамыздың зираты да, сол Үлкен Бұлақ (Киік ауылы) деген жерде. 2010 жылы екі бабамыздың қостасын орнатты. Халықтың арасында, бұл қорым киелі болып саналады. Бабаларымыз XVIII ғасырдың басында туып, XIX ғасырдың ортасында қайтыс болған.

Еліміздің Орталық Мемлекеттік Мұрағатынан табылған асыл қазына – тарихи деректеріне көз салайық. (ЦКА РК. Фонд 338. опись 1, дело 539). Онда Қарқаралы дуанында 1831 жылдары қандай болыстар болғандығы, оларды кімдердің басқарғаны, сол замандағы қыстаулары мен жайлауларының аты-жөні келтірілген. Атап айтқанда, сол заманда «Кәрсен-Керней елі бір болыс болған» және «Кәрсен-Керней болысы», деп аталған. Патша өкілдері, Қарқаралы қаласында бірінші рет өткен 1824 жылғы 14 шілдедегі халық сайлауында, Кәрсен-Керней болысында болыс болып сайланған (волостной управитель) Ғазин Құдайменде төре.

Архив деректерінде, халық арасында зор беделге ие болған, өңірдің белгілі шынжыр балақ, шұбар төс, басшы би-манаптары: Жайық Көшекбаев, Қара Бәйтқов, Торғауыт Маркин, Төлебай Байсарин, Байсейіт Қырбасов, Аққошқар Акеділов, Арпабай Иребаев, Арыслан Кенжегарин, Сағымбек Бошанов, Саурбай Шағатаев, Байарыстан Абенов, Қожас Елшібековтер деп көрсетілген.

Жас кезімізде ауылдың көнекез, небір шежіреші ақсақалдары жиналып, әңгіме-дүкен құрғанда, өткен тарихымызды жыр қылып айтып отыратын. Сонда ақсақалдардың айтып отыратын, аңыз-әңгімелері, бізге құдды бір ертегідей көрінетін. Енді қазір, мұрағат құжаттарына қарасақ, сол ақсақалдардың айтып кеткен сөздерінде бірде-бір қателігі, өтірігі жоқ.

Қази ағамыз елімізге белгілі ақын, жырышы, әрі шежіреші. Мәдреседе білім алған, жан-жақты, терең ілімді, діндар адам болған. Бес атаға жастайынан «Ақын бала» деген белгілі атақтың иесі, әрі жауырыны жерге тимеген балуан. Қази ақын қонақжай адам болған. Қысы-жазы ағылып, айлап-апталап жататын ақын-жазушыларға ақ дастарханын жайып, қойын сойып, қымызын құйып жақсылап күтетін екен.

Өзі шығарған бірнеше өлеңдері, жырлары және жоқтаулары бар. Сарыарқаның санлақтары мен белгілі адамдары туралы жазылған бірнеше тарихи романдар мен еңбектер осы Қази ағамыздың деректері бойынша жазылған. Одан басқа, елімізге белгілі, ауыз әдебиетінің бірнеше ақын-жыршыларының еңбектері де Қази ағамыздан жазылып алынып, қазір бізге дейін жетіп отыр. Атап айтқанда, классик жазушылар: Лияз Есенберлин, Сапарғали Бегалин, Балтабай Адамбаев, Жүсіп Алтайбаевтар. Сарыарқаның жазушылары: Кәмел Жүністегі, Төрехан Майбас, Есенаман Орынбековтер айлап-апталап жатып, Қази ағамыздан құнды тарихи мағлұматтар жазып әкеткен.

Тіпті, дәулескер күйші Дәулетбек ағамыз, Қази әкеміздің баласы Тілепшің айтулары бойынша, жазушы Кәмел Жүністегі Қази ағамызға 7-8 жыл бойы үздіксіз келіп, ағамыздан бірнеше жыр-дастан, елімізден шыққан тарихи тұлғалардың бастарынан өткен әңгімелерін жазып әкеткен.

1987 жылы М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының жарыққа шығарған «Шешендік сөздер» деген кітабында, елімізге белгілі өнер зерттеушісі профессор, жазушы Балтабай Адамбаевтың дайындаған 1-11 томында Қази әкеміздің 3 өлеңі және бірнеше әңгімелері берілген.

Біздің жас кезімізде, Қази әкеміз жақын туыс ретінде біздің үйге жиі қонақ болатын. Келген бойда, ауылдың атқамінерлерін шақырып алып, күндіз-түні жыр-шежіре айтатын. Ол кісінің әңгіме айтуға өзіндік мәнері бар еді. Әңгіме айтып отырып: «Е, се деп қойсаңдаршы!» – деп сөзін қостатып, отырысты қыздырып отыратын. Қасындағылары: «Е, се, ой Қазақ!» - дегенде, арнасы ағытылған бұлақтай тасып жөнелуші еді, жарықтық. Осыдан кейін, ауыл атқамінерлері, бірінен кейін бірі, үйлеріне шақырып, әңгіме-жыр айтқызытын. Осылай ауылда апталап, айлап жыр-шежіре төгетін.

Иә, Қази ағамыз бұрынғы сал-серілердің жалғасы, өмірінде қара жұмыс істемеген, несі-бесі халықтың үстінде болып, халқымыз өмір бойы еркелетіп, алақанына ұстап өткен ерекше адам. Өзі әңгімешіл, отырған жері ойын-күлкі, кішігірім театр болатын. Тіпті, 1926 жылы сол кездегі астанамыз – Қызылордаға театрға да шақырған. Бірақ отбасы жағдайымен бара алмаған екен.

Қази ақынды Кеңес Одағының 50 жылдық мерекесіне байланысты Балқаш қаласында өткен мерейтойға шақырғанда шығарған шумақтары:



Иә, көпшілік, Сіздерге айтар мына сөзім, Үлғайған, 76 менің өзім. Ардақты 50 жылды көргеннен соң, Сөйлейтін 1-2 ауыз келді кезім.

Иә, көпшілік, құтты болсын мына тойың, Балқаштың қаласында болды-ау ойын. Ардақты 50 жылды көргеннен соң, Азырақ ән салайын бұрып мойын.

Қарағым, айналайын Үкіметім, Болмады-ау елге Бөлек ниетім. Астында қызыл тудың қызғалдақтай, Қарсы алды қуанышпен әлеуметім...

Қази ақынның тағы бір қасиеті, бет-жүзі бар, бай-бағлан, басшы-қосшы демеі шындықты қаймықпай айтатыны. Әсіресе, басшы қызметкерлер, ақынның қаһарына ілігіп қалмайық деп қаймығып жүреді екен.

Бір үлкен жиында Балқаштың игі жақсылары Қази ақынға жыр-дастан айт деп қолқа салып, біздің елдің бір батыры туралы жыр бастағанда, Смахан төре: «Барымташыны батыр деп несіне мақтап отырсың!» – деп айтып қалыпты. Осы кезде Қази ақын орнынан атып тұрған бойда, анау арғы жағы Шыңғысханнан бастап, бергісі Кеңесары ханға дейін ұзақ жырлап келіп: «Әй, Смахан төре, сендердің төрге отырғандарың қазақтың арқасында, сендердің араларыңда болған тақ таластарыңда қазақ не көрмеді, қазақтан не жамандық көрдің? Еліміз үшін жан пида деп, еңіреп өткен ермізді, сен төре не бетіңмен ғайбаттап отырсың?!» – деп ұзақ жырлап, дауыс салып, өкіріп жылап жібергенде, қалың ел дүрлігіп, өре түрегеліпті. Мұндайды күтпеген Смахан төре сасып қалып: «Ой, Қазақе, кешір, менен ағаттық кетті, кешір, менен ағаттық кетті!» – деп қайталай беріпті. Осы дауға игі жақсылар араласып, Қазақең мен жұртқа басу айтып, Смахан төре Қазақеңе ат-шапан айыбын төлеп, бітісіпті. «Андамай сөйлеген, ауырмай өледі» деген осылай болады.

Қазақең ауылға келе жатқанда барлық үйлер, әсіресе, әйелдер жағы аласапыранға түсіп, үй айнала тазалыққа кірісіп, үсті-бастарын жөндей бастайды. Себебі ол кісі үй-үйді аралап, көргендерін өлеңге қосып, сынап, жақсы-жаманын ашық айтып, аяқ астынан өлең шығарып жібереді екен. Енді бұған ақылмен қарасақ, керемет тәрбиелік мәні бар өнегелі іс-шара екен-ау!

Қиса Қоқымбаевтың колхоз басшысы болып тұрғанда заңдастырылған Балқаш көлінің оңтүстік жағалауында орналасқан Алматы облысына қарасты: Ахмет суаты, Қосағаш, Бозарал, Наурызбай, Сарытұмсық, Майтан балық аулау учаскелері және Наурызбай балық қабылдау пункті болды. Негізінде ол жер Жа-

лайыр елінің ата-қонысы. 1956-1986 жылдары Ахмет суатында балықшыларға арналған 4 үй және монша салынды. Тасаралмен байланыс жасайтын рация және радиоқабылдағыш жұмыс істеп тұрды. Өкінішке орай, ұжымның кейінгі басшылары ол жерден айырылып қалды.

Бір жылы колхоз басшылары Қази ағамызға қолқа салып, сол жерде орналасқан Тасаралдың балықшылар бригадасының тілектері бойынша: «Жыр-дастан айтып, көңілдерін көтеріп келіңіз», – деп жібереді. Ол кезде балықшылар қосында не телевизор, не радио жоқ заман. Балықшылар Қази ағамыз келгенде, жыр-дастан, тарихи әңгімелерді ризашылықпен тыңдап, бір көңілденіп қалады екен.

Қыстың күні Балқаш көлінің арғы қабағына мұздың үстімен өтеді. Жолда боран болып адасып, түнге қарай, судың жағасында жалғыз тұрған бейтаныс үйге келіп түседі. Үй иелері, жолдан шаршап келген құдайы қонақтарға жылы қабақ танытпай, қонақасын да бермей, олар аштан-аш жата кетеді.

Таңертең де аман-саулық сұрамай, шай да қайнатпай: «Айран ішіңдер», – деп бір-бір кесе шалап құйып береді. Қазекен кесені қо-

екең гой!» – деп бір ай бойы қонақ етіп, әбден мәселеген екен.

1963-1964 жылдары «Социалистік Қарағанды» газетінде «Халық ақыны – Қази» деген суреті басылған үлкен мақала жарияланған. Сол мақаладағы ақынның бір шумақ үзіндісі:

Әуеде бұлт бар, Ауруда үміт бар. Алыспенен-қысқаны, Жақсы білер әр ұсқаны. Иттің бәрі тазы болмас, Еттің бәрі қазы болмас. Жаман пиғыл пасық адам, Халық билеп, қазы болмас...

1929 жылдары НКВД-нің адамдары ашық соғысқа күштері жетпей, «Даланың көкжалы», «Сарыарқаның Робин Гуды» атанған Боранқұл батырды у беріп өлтірген дейді және Боранқұл қайтыс болғанда, Әлтеке Тәшен ақын қазақтың сол кездегі игі жақсыларының тілегімен ағасы Райымқұл болысқа көңіл білдірген жоқтауын да бізге жеткізген Қази ақын.

Өкініштісі, ол кісінің мол мұрасынан, ұрпақтарының қолында ешқандай да еңбектері сақталмапты. Бірақ, бір ақиқат – Қази ақын-



лына ұстап тұрып: «Бізбен ешкім амандастың түрі жоқ. Ең құрымаса мына келіп тұрған ақпен амандасайық!» – деп, бар дауысымен:

Ассалаумағалейкум, Айран, Келіп тұрсың қайдан? Таң атпай әйелдермен ұрысып, Айырылыпсың бір алақан майдан. Болса да қайнаған шай да жоқ, Ішемін гой, ас боламысың, Болмаймысың қайдам?! – деп жырлап жіберіпті.

Осы кезде үйдің екінші бөлмесінде жатқан үйдің иесі, апыл-тұпыл орнынан атып тұрып: «Айналайын аға, бізден бір ағаттық кетті, ат-шапан айыбы бізден, енді басқа ел бұны естімесін», – деп, бір қойын сойып, жақсылап күтіп, шығарып салыпты. «Отыз екі тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды» дегендей, сөз жата ма, бұл ел арасына тез тарап кетіпті.

1958 жылы біздің елден шыққан белгілі күйші Әбікен Хасенов қайтыс болғанда, Алматыға Қази әкеміз барып жоқтау айтады. Алматының сол кездегі зиялы қауымы – Шәкен Айманов, Қалибек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Жүсіпбек Елебеков, Сыдық Мұхамеджанов сияқты белгілі адамдары Қази әкеміздің жыр-шежіре өнеріне тәнті болып: «Нағыз тума талант, өнер адамы ауылды жүр

ның есімі елінің жадында мәңгі сақталмақ. Міне, ата-бабаларымыздың аруағы қолдап, 2024 жылғы 1 қыркүйегінде Перу мемлекетінің Лима қаласында өткен 48 мемлекеттен 400 спортшысы қатысқан дзюдодан жасөспірімдер (16-17 жас) арасындағы Әлем чемпионатында Қази ақынның қызы Тілеужан апамыздың немересі – Санжар жеңімпаз атанды.

Жаңа Қазақстан, Әділетті ел құру мақсатында, заман талабына сай, облыс орталығы Қарағанды қаласының көшелерінің аттарына тарихи тұлғалардың аттарын беру үрдісі басталған екен.

Осыған орай Қази ақынның құрметіне, Шет ауданының немесе Қарағанды қаласының бір орталық көшесінің атын беру лайықты деп санаймыз және бұл бастаманы облыс, қала-аудан басшылары, облыстың зиялы қауымы қолдайтынына сенім білдіреміз!

Жұмағұл ШӨЖЕНОВ,
Қазақстанның Құрметті заңгері,
өлкетанушы

Сурет автордан

СУРЕТТЕРДЕ: 1. Қази ақын,
2. Ақынның ұрпақтары

• БАЙҚАУ

Өзгелерге ой салар өнеге

Ұлттық тәрбиені жаңғыртып, өткен мен бүгінгі ұштастырған «Үлгілі отбасы» облыстық байқауы биыл да өз мәресіне жетті. Асыл мұра болып сақталған ұлт қазынасын ұлықтаған 7 отбасылық команда «Тіл – қазына» әлеуметтік жобасы аясында өнер көрсетіп, көптің қозайымына айналды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқаудың өтуіне облыстың тілдерді дамыту жөніндегі басқарма, Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы және Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы мұрындық болды.

Өзара тартысты өткен сайыста әрбір отбасының мүшесі командасы үшін барын салды. Үлгілі отбасылар бірлігі бекем, ырысы таспаған, мерейі асқанын көрсетті. Тағылымды шарада отбасы мүшелерінің өнерімен бірге, бала тәрбиелеудегі біліктілігі де бағаланды. Отбасылық командалар қоғамда үлгілі отбасы атаңдағы өзгелерге ой салар өнегесімен баршаны тәнті етті. Аталар, әжелер келіндер, балалар сайысы жеке-жеке өтті. Әжелер қоғам өміріндегі еңбектің, халық колонерінің ролін түсіндірді. Киіз

үй жабықты, ұлттық киім-кешектер мен бұйымдар, қазақтың ою-өрнектерінің мәнін ашты.

Атап айтсақ, сайысқа қатысушылар Шет, Бұқар жырау, Осакаров аудандары және Қарағанды, Шахтинск қалаларынан келді.

Байқау отбасылық құндылықтарды дәріптеуге бағытталды. Ұлттық тәрбиені жаңғырта ұстанып, асыл мұра – ұлт қазынасын ұлықтау көзделді. Оның ішінде бала тәрбиесіндегі ата-ананың, немере тәрбиесіндегі аға мен әжеңнің роліне аса маңызды басымдық берілді. Ұлттың тарихи құндылықтарын ұстанып, қоғамға үлгі болатын отбасыларды насихаттауға тырыстық, – деп атап өтті облыстың тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы Салтанат Әбеуова.

Әр отбасылық команда ішінде Шет ауданынан келген Арыстанбековтер отбасы қазақтың салт-дәстүрі мен ұлттық құндылықтарын

насихаттай отырып, «Таныстыру» бөлімінде ерекше өнер көрсетті.

– Аудандық байқаудың жеңімпазы атанып, облыстық байқауға жолдама алдық. Байқауда ана тілінің мерейін үстем етіп, құндылықтарды дәріптедік. Дайындық барысында отбасындағы бірлікті де нығайта түстік. Біздің отбасы құрғанмызға биыл – 44 жыл. Үш бала, 10 немереміз бар. Атадан балаға мұра болып келе жатқан қамшы тоқу өнерімен айналысамыз. Ат әбзелдерін жасаймыз, – деді Мейрам Арыстанбеков.

Байқаудың «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» бөлімінде әр отбасы мүшесі өз өнерлерін, білімдерін ортаға салды. Ақтас кентінен келген Жалғас Садықовтың әулеті ерекше жауаптарымен көзге түсті.

– Ақтас кентіндегі «Ақ шаңырақ» ансамбліне отбасымызбен өнер көрсетеміз. Жолдасым Айша Сыздықовамен 45 жыл отау құрдық. Ол «Ақ әже» вокалды тобында ән айтып, домбыра шертеді. Немерелерім сылдырмақта ойнайды.

«Үлгілі отбасы» байқауы – тілді дамытып, дәстүрді дәріптеуге кең мүмкіндік береді. Қазақтың көне



ғұрыптарын көрсетіп, оны жастарға үлгі етіп, жадында сақтасын деген ниетпен келдік. Облыстық байқауға қатысу – біз үшін үлкен жетістік, – деді Жалғас Садықанов.

Байқау жеңімпаздары арнайы дипломмен марапатталды. Атап айтсақ, бас жүлдені (1 000 000 теңге) Осакаров ауданынан келген Хавдрасал отбасы жеңіп алды.

Ал, I орынды (700 000 теңге)

қарағандылық Утешевтер отбасы иеленді. II орын – (500 000 теңге) Бұқар жырау ауданынан келген Мырзахановтар отбасына, III орын – (300 000 теңге) Шет ауданы атынан бақ сынаған Арыстанбековтер отбасына бұйырды.

Сондай-ақ, ынталандыру сыйлықтары Сыздықовтар, Камиевтер және Ыбырай отбасына берілді.

– Шара жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Байқауға дайын-

дық барысында біраз дүниелерді еске түсіріп, білмегенді үйреніп, білім көкжиегімізді кеңейттік. Қатысушылармен бір сахнада өнер көрсетіп, танысып алдық. Біздің үлгі-өнегемізді көрген жас ұрпақ гүлдене берсін. Табысты, келісті, ақылды, еліне елеулі ұрпақ тәрбиеленсін, – деп атап өтті Хавдрасал отбасының мүшелері.

Сурет ұйымдастырушылардан

Құттықтаймыз!



Ардақты әке, асыл жар, жанашыр туыс, қамқор аға Қанат Серікұлы МУСИНДІ 63 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Зейнет жасқа жетіп кепсіз зымырап, Бірақ қимылы әлі жастай шымыр-ақ. Еңбегіңіз зейнет болсын ендігі, Күндеріңіз мұң салмасын қырындап.

Алғысына еліңнің келеліңіз, Арта берсін әрдайым беделіңіз. Отбасының шуағы ардақты әке, Немеренің қызығына бөленіңіз!

Тілек білдірушілер: апа-жездесі Әмірбек-Сәуле, қарындасы Зәуре, бауырлары мен келіндері Анар, Қайрат-Гүлзира, Дәулет-Сандуғаш.

№337

ЧЕМПИОНАТ

Бұқарадан қанжыға бос қайтпады

Қарағандылық төрт спортшы жасөспірімдер мен жастар арасындағы қоян-қолтық ұрыстан әлем чемпионатының қола жүлдесіне қол жеткізді. Біріншілік Өзбекстанның Бұқара шаһарында өтті. Әлемнің 34 елінен келген 300-ден астам жас жүлделі орындарды сарапқа салды.



Сурет облыстық спорт және дене шынықтыру басқармасынан

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысының атынан төрт спортшы қатысты. 73 келі салмақ дәрежесіндегі қола медаль Сұлтанәлі Дінкабылға бұйырды. Қыздар арасындағы жекпе-жекте Сағыныш Асылбекова 48 келі салмақ дәрежесінің қоласын қанжығалады (18-23 жас). Дильназ Кәрібаева болса, 16-17 жас санатында үшінші орынға табан тіреді. Ол да 48 келі салмақта өнер көрсеткен. Нияз Мағай 14-15 жас санатында қоладан медаль тағынды. Ол 44 келі салмақ дәрежесінде жекпе-жектерге шықты.

Спортшылар сәтті өнер көрсетті. Бірақ, одан да жақсы көрсеткіштерге жете аламыз. Менің ойымша, жеңіске жету үшін тәжірибе

сәл жетпей қалды. Шеберлік деңгейін арттыру үшін ірі жарыстарға қатысу керек. Өкінішке қарай, жастар арасында халықаралық жарыстар аз өтеді. Алда жоспарлар көп. Қараша айында Астанада екі жарыс ұйымдастырылады. Бұл жыл сайынғы жастар арасындағы әлем чемпионы полиция майоры Руслан Мұқановты еске алуға арналған халықаралық турнир және ересектер арасындағы Әлем кубогы. Біздің спортшылар қуантады деген үміттеміз, – деді Қарағанды облысының қоян-қолтық ұрыстан аға жаттықтырушысы Рахат Ысқаков.

Айта кетейік, Қазақстан құрамасы жекпе-жектен әлем чемпионатында жалпы командалық медальдық есепте екінші орынға ие болды.

Еске алу

Рымкеш РӘШКЫЗЫ Қарағанды облысы Егіндібұлақ (Қу) ауданында 1953 жылы 7 сәуірде дүниеге келген. 1968 жылы орта қазақ мектебін бітіріп, сол жылы Қарағанды педагогика институтына тарих факультетіне түсіп, 1972 жылы бітірді. Егіндібұлақ ауданына жіберіліп қазақ мектебінде бастауыш сыныптарына дәріс берген. 1978-1982 жылдары мектеп интернатында оқу бөлімінің меңгерушісі болып істеді, компартия мүшесі болған. Шешесінен 14 жасында, ал әкесінен 21 жасында айырылған.



1982 жылы тұрмысқа шығып, 1985 жылға дейін Қарқаралы ауданында Матақ совхозының мектебінде мұғалім болып істеді. 1983 және 1984 жылдары екі баланы дүниеге әкелді.

Жұмыс жағдайымен 1997 жылға дейін Осакаров ауданында Маржанкөл совхозында мектепте мұғалім болды. 1993 жылы дүниеге қыз баланы әкелді. Отбасы жағдайымен Осакаровкаға келіп, аудан басындағы мектепте зейнеткерлікке шыққанша мұғалім болды. 2011 жылы зейнеткерлікке шығып, 2017 жылға дейін мұғалім болған.

Үш балаларын тәрбиелеп, жоғары білім беріп, үйлендіріп, 6 немере көріп кетті. Соңғы арманын орындап, қызын аяқтандырды. Жыл өтсе де сарқылмас сағыныш сезім, Алла бізге сабыр мен берсін төзім. Асыл жар, ардақты ана орның толмас, Отбасы берекесі едің өзің.

Қайран Ана болмысың бөлек еді, Ауадай қажет сен бізге керек едің. Ұрпағың өсті атыңа кір келтірмес, Берген тәлім, тәрбиен терен еді.

Еңсердің елу жылдай ұстаздықты, Еске алды шәкірттерің біраз мықты. Немерелерің түсіңдей өзінді іздеп, Күнде сұрап көңілді құлазытты.

Толқыңында өмір атты дарияның, Аластырмай кемесін жанұяның, Жетеледің жеткіздің, өтген, шіркін, Көре алмай кеттің сәбиін Сәнияның.

Бір жыл өтті көзден қанша жас ақты, Уақыт емдеп шерді біраз босатты. Өкеміз әлі көше алмай жүр көз қыйып, Сен ұстаған көсеу менен ошақты.

Жаннатта жадырар деп жарқын жүзін, Дұға қылар жан жарың, ұл мен қызың. Төсенген топырағың торқа болып, Төңіңе тартырмасың жердің сызың. Әумин.

Еске алушылар: жұбайы, балалары, немерелері PS. Сіздерді 25 қазан күні, сағат 14:00-де Қарағанды қаласы, Шахтеров даңғылы, 35/1, «Олимпия» мейрамханасында аяулы анамыз Рымкеш Рашқызы өмірден өткеніне бір жыл толуына орай, Құран бағышталып, берілетін асқа шақырамыз.

№347

Advertisement for 'Karagandy Shinservis' (Шиналар) featuring various tire brands like 'Алтайский шинный комбинат', 'ААҚ', 'Росава', 'ЖАҚ', 'Матадор', 'ЖАҚ' and 'САТМАЙМЫЗ'.

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

Жариялауға арналған мәтін:

Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖК «Қарағанды облыстық жоғары мейіргерлік колледжі» КМК директорының бос лауазмына орналасуға конкурс жариялайды, мекенжайы: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Чкалов көшесі 9, пошталық индексі: 100000, телефон: 8 (7212) 41-45-32. E-mail: kmedcollege@mail.ru

Конкурсның барлық қатысушыларына қойылатын жалпы біліктілік талаптары:

«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша біліктілікті арттырудан (қайта даярлаудан) өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік беру туралы куәлік (немесе сертификат); немесе «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау» немесе «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе ЕМБА (ЭмБиЭй) немесе full-time (Фултайм) дәрежесі; немесе «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары білім және «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе ЕМБА (ЭмБиЭй) немесе full-time (Фултайм) дәрежесі; денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификаты; басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Бүлге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 қаңдағы № 55 бұйрығы (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 26867 болып тіркелген); қазіргі заманғы басқару қызметінің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілері; денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлы-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздері; басқару, экономикалық өдістері және ұйым қызметін талдау; медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасы; денсаулық сақтаудағы адам ресурстарды басқарудағы үздік тәжірибелер; халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын статистиканы, өлшемшарттар мен көрсеткіштері; отандық медицинаның қазіргі заманғы ғылыми жетістіктері; денсаулық сақтауды басқарудағы үздік халықаралық тәжірибе; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитариялық және өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары мен нормалары; төтенше жағдайлар кезінде қызметті ұйымдастыру.

Лауазымдық міндеттері:

Денсаулық сақтау ұйымының өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқарушылық шешімдерге, ұйым мүддесін сақтаулы мен тиімді пайдалануына, сондай-ақ қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады. Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды. Көрсетілген диагностикалық емдеу және профилактикалық көмектің тиімділігі мен сапасын одан әрі арттыруға, көрсетілген қызметтердің сапасы мен бесекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған шаруашылық, Қазақстан Республикасының заңнамасын орындауға бағытталған персонал жауапты болады.

ТЕКСТ для публикации:

КТП на ПВХ «Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасының ШЖК «Қарағанды облыстық жоғары мейіргерлік колледжі» КМК директорының бос лауазмына орналасуға конкурс жариялайды, мекенжайы: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Чкалов көшесі 9, пошталық индексі: 100000, телефон: 8 (7212) 41-45-32. E-mail: kmedcollege@mail.ru

Общие квалификационные требования ко всем участникам конкурса:

высшее образование по направлению подготовки «Здравоохранение», свидетельство о прохождении повышения квалификации (переподготовке) по специальности «Менеджмент здравоохранения» («Общественное здравоохранение») и (или) свидетельство (или сертификат) о присвоении квалификации по соответствующей специальности; либо высшее образование по направлению подготовки «Здравоохранение», послевузовское образование по направлению подготовки «Здравоохранение», или «Бизнес и право» или степень ЕМБА или full-time (Фултайм); либо высшее образование по направлению подготовки «Бизнес, управление и право» и послевузовское образование по направлению подготовки «Здравоохранение» или степень ЕМБА или full-time (Фултайм); сертификат менеджера в области здравоохранения; стаж работы на руководящих должностях не менее 3 лет.

Должен знать:

Конституцию Республики Казахстан, Гражданский кодекс Республики Казахстан, Трудовой кодекс Республики Казахстан, Кодекс Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения», Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании», Кодекс Республики Казахстан «Об администра-

тивных правонарушений», Закон Республики Казахстан «О государственных закупках», Закон Республики Казахстан «О противодействии коррупции», Закон Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан», приказ Министра по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан от 21 февраля 2022 года № 55 «Об утверждении Правил пожарной безопасности» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 26867); стратегические и организационные аспекты современной управленческой деятельности; основы планово-экономической и финансовой деятельности организаций здравоохранения; экономические методы управления и анализ деятельности организации; конъюнктура рынка медицинских услуг; лучшие практики в управлении человеческими ресурсами в здравоохранении; статистику, критерии и показатели, характеризующие состояние здоровья населения; современные научные достижения отечественной медицины, лучший международный опыт в управлении здравоохранением; правила и нормы по безопасности и охране труда, производственной санитарии и противопожарной безопасности; организацию деятельности в условиях чрезвычайных ситуаций.

Должностные обязанности:

Руководит производственной, финансово-хозяйственной деятельностью организации здравоохранения, несет ответственность за принимаемые управленческие решения, сохранность и эффективное использование имущества организации, а также за результаты финансово-хозяйственной деятельности. Определяет политику, стратегию деятельности организации и механизм ее реализации. Обеспечивает внедрение новых и совершенствование существующих организационных форм и методов работы персонала, направленного на дальнейшее повы-

шение эффективности и качества оказываемой диагностической, лечебной и профилактической помощи, повышение качества и конкурентоспособности оказываемых услуг.

Обеспечивает эффективное взаимодействие структурных подразделений организации, направляет их действия на развитие и совершенствование оказываемых медицинских услуг. Несет персональную ответственность за соблюдение антикоррупционного законодательства, и принятию мер по недопущению проявлений коррупции со своей стороны и подчиненных организаций. Принимает меры по обеспечению организации квалифицированными кадрами, рациональному использованию их профессиональных знаний и опыта, созданию благоприятных условий жизни и здоровья условий труда, формированию благоприятной психологической атмосферы в коллективе. На основе анализа деятельности организации и оценки показателей его работы принимает необходимые меры по улучшению форм и методов работы организации. Обеспечивает на основе принципов социального партнерства разработку, заключение и выполнение коллективного договора, соблюдение трудовой дисциплины, способствует развитию трудовой мотивации, инициативы и активности работников. Координирует работу по изучению и оценке санитарно-эпидемиологических ситуаций, определяет приоритетные факторы неблагоприятного воздействия на здоровье человека. Принимает действенные меры по улучшению санитарно-эпидемиологической ситуации. Организует оперативный и лабораторно-инструментальный контроль и надзор за проведением гигиенических и противоэпидемических мероприятий, за соблюдением санитарных правил и норм и гигиенических нормативов. Обеспечивает соблюдение требований медицинской этики, законности в деятельности организации, в том

числе в вопросах финансово-хозяйственного управления, укрепления договорной и финансовой дисциплины, регулирования социально-трудовых отношений. Осуществляет прием и увольнение работников. Заключает договора, совершает сделки с физическими и юридическими лицами. Издаёт по вопросам своей компетенции распоряжения и приказы, обязательные для всех работников. Представляет организацию в государственных органах, организациях и суде. Обеспечивает выполнение медицинской этики, требований внутреннего трудового распорядка, технической эксплуатации приборов, оборудования и механизмов, соблюдение противопожарной безопасности, безопасности и охраны труда, санитарно-эпидемиологического режима. Обеспечивает своевременную отчетность организации. Конкурс проводится в соответствии с Приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 27 мая 2020 года № КР ДСМ-58/2020 «Об утверждении Правил проведения конкурса на вакантную должность руководителя, единолично осуществляющего функции исполнительного органа или руководителя коллегиального исполнительного органа государственного предприятия на праве хозяйственного ведения с наблюдательным советом в области здравоохранения», а также Приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 21 декабря 2020 года № КР ДСМ-305/2020. «Об утверждении номенклатуры специальностей и специализаций в области здравоохранения, номенклатуры и квалификационных характеристик должностей работников здравоохранения.

Лицо, изъявившее желание участвовать в конкурсе, представляет в сроки, указанные в объявлении о проведении конкурса, следующие документы:

- 1. Заявление об участии в конкурсе;
- 2. Автобиографию, изложенную в произвольной форме;
- 3. Копии документов об образовании;
- 4. Копию трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора, выписки из приказов о приеме и прекращении трудового договора либо другой документ, подтверждающий стаж работы;
- 5. Форма № 075/у «Медицинская справка (врачебное профессионально-консультативное заключение)», утвержденной приказом и.о. Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 октября 2020 года № КР ДСМ-175/2020 «Об утверждении форм учетной документации в области здравоохранения» Справку комитета по правовой статистике и специального учета генеральной прокуратуры РК об отсутствии судимости.

месе еңбек шартының көшірмесі, еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардың көшірмелері не жұмыс өтілі растайтын басқа да құжат;

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2020 жылғы 30 қазандағы № КР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген «медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» №075/е нысаны

6. ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің сотталығының жоқтығы туралы анықтамасы.

Конкурсқа келесідей адамдар қатыса алмайды:

- 1) он сегіз жасқа кірі;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы жасаған;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталығы бар адам;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖК «Қарағанды облыстық жоғары мейіргерлік колледжі» КМК-на мына мекенжайы бойынша ұсынылуы тиіс: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Чкалов көшесі 9, пошталық индексі: 100000, телефон: 8 (7212) 41-45-32. E-mail: kmedcollege@mail.ru директорының қарабылдау кабинеті. Бұқаралық аппарат құралдарының басылымдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.

Конкурсқа қатысуға тиет білдірген адам конкурстық өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2. Еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 3. Білім туралы құжаттардың көшірмелері;
- 4. Еңбек кітапшасының (ол болған кезде) не-

Не могут принимать участие в конкурсе лица: 1) моложе восемнадцати лет; 2) ранее совершившее коррупционное правонарушение; 3) имеющие непогашенную или не снятую в установленном законодательством Республики Казахстан порядке судимость;

4) иные случаи, предусмотренные законодательством Республики Казахстан. Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть представлены в КТП на ПВХ «Қарағанды облыстық жоғары мейіргерлік колледжі», расположенного по адресу: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Чкалов көшесі 9, пошталық индексі: 100000, телефон: 8 (7212) 41-45-32, e-mail: kmedcollege@mail.ru кабинет приёмной директора, в течение 15 календарных дней с момента публикации объявления о проведении конкурса в изданиях средств массовой информации.

№277



● ЖАҢА КІТАП

Ақын мұрасы жаңғырды

Биыл Кемпірбай Бөгенбайұлының туғанына 190 жыл толды. Осы мерейтойға орай Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, белгілі журналист Ермек Балташұлының «Көңілден көкала үйрек хош деп ұшты...» атты кітабы жарыққа шықты. Кітап Кемпірбай ақынның шығармашылығы мен ғибратқа толы ғұмырын насихаттайды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тұсауы Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында кесілді. Шараға тарихшы ғалымдар, ардагер журналистер және ақынның ұрпақтары жиналды.

Кітап авторы жиналған оқырманға еңбегінің маңыздылығы турасында айтып берді.

– Кемпірбай Бөгенбайұлының қазақ ауыз әдебиетіндегі алатын орны ерекше. Сонау 1920-1930 жылдар алғашқы жинағы шығып, беріге дейін ауызша таралып келді. Қазіргі таңға дейін ауызша көп таралғаны – Кемпірбайдың Әсетпен бақұлда-



суы. Бұған дейін түрлі баспасөз беттерінде, әр жинаққа Кемпірбайдың Шөмемен, Әсетпен, Жәмшібаймен айтысы және өмірдегі жарияланған еді. Алайда, жеке жинақ болып, кітап болып басылмапты. Осы

жинаққа ақынның өмірбаяны, әр кезеңінен сыр шертетін түрлі материалдармен қатар, айтыстарын жинап бастық. Сонымен қатар, Мұхтар Әуезовтің ақынға жоғары баға беріп, ақындық қуатын ерекше атап

көрсеткендігі жайлы дүниелер бар. Осыдан 20 жыл бұрын ақынның 170 жылдығы болды. Бірақ, ешқандай деңгейде атап өтілмеді. Сол уақыттан бері үлкен еңбек шығаруды жоспарлаған болатынымыз, – деді Ермек Балташұлы.

Кемпірбай ақынның ұрпағы – Қазақстанның Құрметті журналисі, Қарқаралы аудандық газетінде жиырма бір жыл бас редактор болған Рымбек Смағұл.

– Атамыз жөнінде 1980 жылдан бері көлемді мақалалар жазыла бастады. Бастауын Смағұл әкем бастаған еді. Әкем бұрынғының сөзін білетін. Тарихтан хабары бар зиялы адам еді. Сол әкемің аузынан талай деректі жазып алдық. Сол деректерді арқау еттік. Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» беттеріне, аудандық газеттерге лег-легімен жарияладық. Осы кітаптың жарыққа шығуына Ерғанат Бекенов, Самарқан Өмірбаев, Біржан Исабеков, Олжатай Әуенов секілді азаматтар қол ұшын созды. Жәппен Молдақашов ақсақалдың да демеушілігі зор көмек болды. Баршасына алғысым шексіз! – деді Рымбек Смағұл.

Сурет автордан

● ҚАРҚАРАЛЫ ҚАЛАСЫНА – 200 ЖЫЛ

Беймәлім сарбаздың сауыты

Биыл – «Арқаның сәукелесі» деп аталып кеткен Қарқаралы қаласының 200 жылдығы. Қаншама тарихи оқиғалар мен ұлы бабалардың ізін құшағына басқан екі ғасырлық тарихы бар шаһар. Табиғатының өзі бір бітпес дастан. Көкірек көзі ашық адамды тылсым мекеннің тарихы да арбап, өзіне шақырып тұрады. 200 жылдықтың қарсаңында біз қала тарихына қарай сапар шегіп көрмекпіз. Біз Қарқаралыдағы бір ғана тарихи-өлкетану музейіндегі құнды экспонаттарға тоқталамыз. Себебі, музейдегі жәдігерлердің өзі-ақ тарих сандығынан бұйырған сарқыт. Айдармызды темірден тоқылған сауыттан бастайық.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Музей 1870 жылы уездік патшалық кеңсе ретінде салынған. Жергілікті халық «Ақ кеңсе» деп атап кеткен.

Қарқаралы тарихи-өлкетану музейі Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1979 жылдың 5 қазанындағы №511 өкімі және Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің 1979 жылдың 11 қазанындағы №462 бұйрығы негізінде Қарағанды облыстық музейінің филиалы болып ашылды. 1980 жылдан Қарқаралы тарихи-өлкетану музейі болып аталды. Осы ғимаратта көрнекті мемлекет қайраткерлері Н.Нұрмақов пен М.Татимов, А.Асылбеков, У.Жәнібеков қызмет атқарған.

Музей қорында 8800-ге тарта жәдігер бар. Мұнда археология, этнография, қолданбалы колонер



бұйымдары, нумизматика, сирек кітаптар, картиналар, құжаттар мен фотоматериалдар саласындағы құнды жәдігерлер сақталған.

8800 жәдігердің бірі – 1986 жылы Бұғылы тауындағы Қалмақ қорғанынан табылған сауыт. Қалмақ қорғанынан балалар ойнап жүріп, топырақ астынан тауып алған. «Бұл жәдігерге қатысты бірнеше болжам бар» дейді Қарқаралы тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Сәтбек Сламбеков.

– Археологтардың болжамына, жәдігер XVI-XVII ғасырларға тиесілі. Темір сақиналардан тоқылған. Қазақ, немесе, жоңғар жауынгері киген болуы керек. Топырақ астында 300 жылдай жатып қалған. Ал, Қалмақ қорғаны XVI ғасырда Малайсары әскері жоңғар шапқыншыларынан қорғану үшін салған. Қорғанның биіктігі – 3 метр, ені – 2 метр, ұзындығы – 5 шақырым болған. 1824 жылы қорған тастарын полковник М.Броневский бастаған орыс әскері Қарқаралы бекінісін салуға пайдаланған, – деді Сәтбек Сламбеков.

Сурет Қарқаралы тарихи-өлкетану музейінен

● ФЕСТИВАЛЬ

Еуропа жұртын тамсандырып...

Қазан айының 8-14-і аралығында Сербияның Крагуевац қаласында «Joakimfest» XIX халықаралық театр фестивалі өтті. Фестивальге қатысқан 8 театрдың қатарында Қазақстанның шақырылған Қарағандының С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театры да бар. Фестивальде өнер көрсеткен негізінен Сербия театрлары. Белградтағы драма, балет және опера ұлттық театры мен Сербияның княздық театры, Белград драма театры мен «Fort Folgo» Истрия ұлттық театры, «Mostar» Хорватия ұлттық театры, Сараево, Хорватия, Босния мен Герцеговинаның мәдениетті дамыту Ассоциациясының «Intermezzo» театрлары бірігіп, бір қойылым көрсетсе, Черногорияның «Tivat» мәдени орталығы, Словенияның Люблиана қаласындағы «Glej» театры түрлі жанр мен тақырыптағы спектакльдерін ұсынды. Сәкен театры сербтерге айгілі жазушы-драматург Оралхан Бөкейдің режиссер Айдын Салбан сахналаған «Атаукере» драмасын алып барды.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нәтижесінде Joakimfest 19-шы халықаралық театр фестивалінің қазылар алқасы С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының «Атаукере» қойылымы артистерінің актерлік шеберліктерін жоғары бағалап, «Үздік актерлік ансамбль» арнайы сыйлығымен марапаттады.

Жоғары дәрежелі «Joakimfest» XIX халықаралық театр фестивалінің қазылар алқасының құрамына театр сыншысы, театртанушы, драматург Александр Милосавлевич (Сербия), театр режиссері және Белградтағы Өнер институтының драма өнері факультетінің оқытушысы Ивана Вуич (Сербия), актер және театртанушы Мирлоуб Миятович (Босния, Герцеговина) секілді театр өнерінің майталмандары енді.

Сәкен театрының баспасөз қызметкері, белгілі журналист Сағат Батырханқызы фестивальдегі әсерімен бөлісті.

– Басында жазушы-драматург Оралхан Бөкейдің терең философиялық ойға құрылған «Атаукере» шығармасы бойынша инцениров-

касын режиссер Айдын Салбанның өзі жасаған қойылыммызды сербтер қалай түсінер екен деген қобалжудың да болғаны рас. Дегенмен, сахнаның жоғарғы жақ маңдайында серб тіліне аударылған титр қатар беріліп отырғанда, залда шыбынның ызың естілердей тыныштық орнады. Екі сағат 10 минутқа жалғасқан спектакль аяқталғанша, ешкім орнынан қозғалған жоқ. Қойылым біткенде серб көрермендердің көңіл күйі олардың дүркіретіп қол соққандарынан айқын аңғарылды. Ұлттық музыкамыз, әсіресе, домбыраның қоңыр үні мен артистеріміздің ойыны қатты ұнағанын айтты сербиялық көрермендер, – деді Сағат Батырханқызы.

Сағат Батырханқызының күнделігіндегі дерекке сүйенсек, бұл театр фестивалі Сербияда зор бәделге ие. Фестивальдің негізі XIX ғасырдың екінші ширегінде қаланған және Сербияға театрды әкелген Йоаким Вуйчтың атымен аталған. Фестиваль бастау алғаннан бері Крагуевац қаласына әлемнің 25 мемлекетінен театр ұжымдары келіп, 150-ге жуық спектакль қойған екен.

Сурет С.Сейфуллин театрының баспасөз қызметінен

● КӨРМЕ

Көркемсурет кварталі Керекуде

Шахтинск қаласында жергілікті суретшілерден жасақталған «Шахтинск кварталі» бар. Олар шығармашылық сапармен Павлодар облысының қалалары мен аудандарын аралап, көрме өткізіп жүр. Мобильді көрменің мақсаты – қылқаламға құштар талантты балалардың талабын ұштау, қарағандылық суретшілердің шығармашылығын насихаттау.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Шахтинск кварталінің» құрамында Әубәкір Исмаилов атындағы балалар көркемсурет мектебінің төрт педагогы бар. Олар – Елена Нивиденская мен Еркін Темірғалиев және Жаңабек Жұмабеков, Наталья Сайгушева. Бәрінде көпжылдық тәжірибе бар.

Мәселен, Елена Нивиденская дымқыл киіз техникасы арқылы түбітпен сурет салады. Осы ежелгі әдісті пайдалана отырып, туындлары арқылы жылу мен текстуралық тереңдікті жеткізеді. Еркін Темірғалиев болса, күрделі графика-

калық әдістерін, майлы кескіндеме техникасын да, линогравораны да меңгерген жан-жақты суретші. Оның майлы бояумен салынған суреттерінің текстурасы қолтаңбасын айшықтайды. Жаңабек Жұмабеков – графит қарындашпен академиялық стильде жұмыс істейтін графика шебері. Ол сондай-ақ, бірегей графикалық жұмыстарды жасау үшін силиконды қолдану арқылы заманауи әдістермен тәжірибе жасайды. Оның шығармалары дәстүрлі және заманауи тәсілдерді біріктіретін нәзік бөлшектер мен техникалық шеберлікті көрсетеді. Наталья Сайгушева пастельдік және ыстық батик техникасында жұмыс істейді. Оның



пастельді пейзаждары табиғаттың жұмсақтығы мен қанық түстерін көрсетеді. Ал, батик техникасында жасалған сәндік панельдер оның шығармашылығына жарықтық пен экспрессия қосады.

– Бұл көрме төрт түрлі әдіс пен көзқарасты біріктіруде қол жеткізілген үйлесімділікті көрсетеді. Әр суретші өзінің бірегейлігін ұсынды. Бұл көрерменге өте қызықты боларына күмән жоқ. Экспозиция Шахтинск аймағының мәдени мұрасының байлығын, сондай-ақ, қазіргі заманғы өнерді дамыту үшін осындай шығармашылық бірлестіктердің маңыздылығын көрсетеді. Павлодар көркемсурет мұражайы тәжірибе алмасуға етене өнерді ілгерілетуге ықпал ететін осындай іс-шаралар үшін маңызды алаңға айналды, – деді Әубәкір Исмаилов атындағы балалар көркемсурет мектебі директорының орынбасары Наталья Сайгушева.

Сурет Еркін Темірғалиевтен

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӨБІДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МҮСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Е. КЕҢЕСБЕКҰЛЫ

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерлер: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нура, Оскар: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К21ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 230

№ 118 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбек к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығына теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Алуаның СОВЕТ